



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі



Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет. Сондықтан, еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты баға беру – өте маңызды міндет. Өкінішке қарай, бүгінде халық арасында осы оқиғаға байланысты түрлі қарама-қайшы, шындыққа жанаспайтын ақпараттар тарап кет-

кенін көріп отырмыз. Мұның, әрине, бірнеше себебі бар: кейбір азаматтарымыз ахуалды егжей-тегжей білмей тұрып, қате пікірде болса, кейбірі әдейі ақпаратты бұрмалап, жағдайды одан бетер ушықтырады. Бірақ, бізге керегі – тек ақиқат қана. Сол себепті, оқиғаларды мұқият зерттей отырып, айтарым: жыл басынан бері орын алған барлық жағдайлар – бір тізбектің тармақтары деуге толық негіз бар.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС: ЖАҒДАЙДЫ САРАЛАУ, ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАУ, ЕЛ БІРЛІГІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Газеттің алғашқы нөмірінде оқырманды Жаңа жылмен құттықтау бұлжымас қағидамыз. Сол жағдайдан биыл да айнымаймыз.

2022 жылды бәріміз үлкен үмітпен күттік. Әлемдік пандемия әбгерге салған екі жылдан кейін жайлы өмірге ораламыз, тұрақтылық пен тыныштық орнайды деп сендік.

...Қаңтардағы қаралы жағдай елге тосыннан келген ауыр соққы болды. Осы тұста мемлекетіміздің конституциялық қауіпсіздігі мен азаматтардың өмірін сақтау басты орында тұрды.

Бұл мағынасыз бүліктен қаншама жазықсыз жандар жапа шекті. Құқық қорғау құрылымдары да үлкен шығынға ұшырады. Судьялар одағының атынан әріптесіміз, Алматы қаласы ӘҚБЖМА сотының судьясы Мұрат Абраев пен қаза тапқан полиция және әскери сала қызметкерлерінің отбасыларына, жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Ендігі кезекте қаңтар қақтығысынан қорытынды жасап, алдағы уақытта мұндай сұмдықтың қайталанбауы үшін нақты қадамдар жасау керек.

Ең бастысы заңдылық пен құқықты қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау қажет. Тек сонда ғана біз мықты, гүлденген, әлеуеті күшті мемлекеттің іргесін бекіте аламыз. Дәл солай боларына сенеміз! Осындай сындарлы кезеңде баршаңызға табандылық пен төзім, биік рух тілеймін!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы



Айдос САРЫМ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ТӨГІЛГЕН ҚАННЫҢ БІР БӨЛІГІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІЛЕРДІҢ
МОЙНЫНДА»

5-бет

ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІНІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ



Әлихан Асханұлы Смайылов,
Премьер-Министр



Роман Васильевич Скляр,
Премьер-Министрдің бірінші
орынбасары



Ералы Луқпанұлы Тоғжанов,
Премьер-Министрдің орынбасары



Мұхтар Бексенұлы Тілеуберді,
Премьер-Министрдің орынбасары
– Сыртқы істер министрі



Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов,
Премьер-Министрдің орынбасары
– Сауда және интеграция министрі



Мұрат Қарбайұлы Бектанов,
Қорғаныс министрі



Ерлан Заманбекұлы Тұрғымбаев,
Ішкі істер министрі



Асқар Қуанышұлы Омаров,
Ақпарат және қоғамдық даму
министрі



Ербол Шырақпаұлы Қарашөкеев,
Ауыл шаруашылығы министрі



Қанат Сергейұлы Мусин,
Әділет министрі



Асхат Қанатұлы Аймағамбетов,
Білім және ғылым министрі



Ажар Гиният,
Денсаулық сақтау министрі



Серік Жамбылұлы Шәпкенов,
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі



Қайырбек Айтбайұлы Өскенбаев,
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі



Ерлан Кенжебекұлы Жамаубаев,
Қаржы министрі



Дәурен Әскербекұлы Абаев,
Мәдениет және спорт министрі



Юрий Викторович Ильин,
Төтенше жағдайлар министрі



Әлібек Сәкенұлы Қуантайров,
Ұлттық экономика министрі



Бағдат Батырбекұлы Мусин,
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі



Серікәли Аманжолұлы Брекешев,
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі



Болат Оралұлы Ақшолоқов,
Энергетика министрі

«ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп

Ашығын айтсақ, бұл – бірнеше жыл бойы алдын ала ойластырылған зұлымдықтың көрінісі. Олардың көздегіні – өздерінің қатігез пиғылдарын іске асыру болғаны айдан анық. Мұның қатарында Жамбыл облысында болған тәртіпсіздіктер, этносаралық сипаттағы түрлі арандатушылықтар мен басқа да қақтығыстар бар. Қоғамымыздың тұтастығын жүйелі түрде, соның ішінде кәсіби түрде әзірленген сценарийлер бойынша ұйымдастырылған наразылық акциялары арқылы шайқалтып келген. Радикалды шаралардың нақты орындаушыларын дайындау жасырын түрде жүргізілген. Ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілетті орган ретінде мұндай зиянкестіктің нақты бағасын бере алмады және бергісі де келмеді. Ұлттық қауіпсіздікке төнген аса үлкен қауіпті көрмеді. Шабуыл ұйымдастырушыларына тек себеп іздеу ғана қалды, ал ол себеп бәрібір табылар еді.

Халықтың газ бағасының өсуіне байланысты наразылығы құрал ретінде пайдаланылды. Содан кейін оқиға спираль түрінде дамыды. Бірінші кезеңде, бірнеше өңірде, атап айтқанда, Жаңаөзенде митингтер өтті. Екіншісінде, қаракшылар мен тонаушылар қосылды. Бұдан әрі «отты» кезеңге жетіп, қарулы лаңкестер, соның ішінде шетелдік содырлар іске араласты. Осыдан кейін олардың негізгі мақсаты белгілі болды – мемлекеттік басқару институттарын ыдырату, конституциялық құрылымды бұзу және түпкі нәтижеде билікті басып алу.

Әр нәрсені өз атымен атар болсақ, бұған дейін ҰҚШҰ саммитінде біздің елге қарсы террористік соғыс ашылғандығы туралы ашық мәлімдедім. Жау асқан қатыгездік пен кез келген қадамға барудан тайынбайтынын көрсетті. Олар тіпті халық арасында қорқыныш ұялатып, қарсы шығу туралы ойды басуға талпынды.

Қазақстанға шабуыл жоспары әскери, саяси, идеологиялық, жалған ақпараттандыру және тағы басқа аспектілерді қамтыды. Билікті басып алуға дайындық жұмыстарын кәсіпқойлар жүргізді. Бұл халықаралық терроризм тарапынан елімізге қарсы жасалған қарулы агрессия болғандықтан, Қазақстан заңды түрде Ұжымдық қауіпсіздік шарты бойынша әріптестеріне бітімгершілік контингент жіберу туралы өтініш жасады.

Алматыдан айырылу – елден айырылу

Бұл жерде мына жағдайды түсіну керек: осындай шешім қабылдап жатқан кезде Алматыны бақылауды толықтай ұсытан шығарып алуымыз мүмкін еді. Ондай жағдайда қалада лаңкестер ойран салатын еді. Алматыдан айырылсақ, астананы да жоғалтып, кейін елімізден айырылатын едік. Қаңтардың қаралы күндеріндегі оқиғалардың мәні де осында. Елордада бітімгершілік контингент пайда болғаннан кейін арнайы жасақтың қосымша бөлімшелерін Алматыға жіберіп, қаланы сақтап қала алдық.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымна жеке тоқталғым келеді. Бұған қатысты түрлі қауесеттің, әсіресе, шетелде тарап жатқан жансақ пікірдің алдын алу қажет. Бұл ұйым ұжымдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысады. Қазақстан – оның толыққанды құрылтайшысының бірі. Осы ұйымның барлық мүшелерінен жасақталған бітімгершілік контингенті Қазақстанға уақытша мерзімге ғана келді. Оған жүктелген міндеттер нақты айқындалған. Бұл – стратегиялық нысандарды күзету және ақыл-кеңес беріп, қолдау көрсету. Лаңкестерге қарсы операцияны толығымен Қазақстанның күштік құрылымдары жүзеге асыруда. Шын мәнінде, солардың жанкешті іс-әрекетінің арқасында төңкеріске жол берілген жоқ.

Осы сәтті пайдалана отырып, террористік агрессияның нысанына айналған қалалардың тұрғындарына көңілдімді білдіргім келеді.

Қаралы күндер артта қалған кезде, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының террористік агрессияның бетін қайтарудағы ерлігін атап өткім келеді. Мысалы, Алматы қаласында полицияның шағын тобы полиция департаментінің ғимаратын басып алмақ болған бандиттердің

шабуылына екі түн қатарынан тойтарыс беріп отырды.

Қиын-қыстау кезеңде Қорғаныс министрлігі мен Мемлекеттік күзет қызметінің әскери қызметшілері де абыроймен көзге түсті. Бірақ бәрі бірдей өзінің борышына адалдық танытқан жоқ.

Бірақтар қалада Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаментінің басшылары қару-жарақтың жеткілікті болғанына қарамастан, қызметтік ғимараттарды ондағы қарулармен және құпия құжаттармен бірге соғыссыз тастап кетті.

Атқарылар іс ауқымды

Енді алғашқыда атқаратын жұмыстың бағытын айқындап бергім келеді. **Бірінші.** Антитеррорлық іс-қимылдарды табысты аяқтау қажет. Азаматтарымыздың қалаларда, елді мекендерде және ауылдарда жақындары мен балаларына алаңдамай, жұмыс істеп, еркін жүріп-тұрып, оқи алуы үшін құқықтық тәртіпті толықтай қалпына келтіру керек. Жалпы, террорға қарсы операцияның негізгі фазасы аяқталды. Еліміздің барлық өңірінде ахуал тұрақты. Осыған байланысты ҰҚШҰ-ның бітімгершілік күштерінің негізгі миссиясы сәтті аяқталды деп мәлімдеймін. Екі күннен кейін ҰҚШҰ-ның бірлескен бітімгершілік контингентін кезең-кезеңмен шығару басталады. Контингентті шығару процесі 10 күннен аспайды. **Екінші.** Содықлар мен олардың бейбіт тұрғындарға қарсы қылмыстарға қатысы бар сыбайластарын түгел тауып, жазалау керек. Лаңкестік шабуылдардың артында кім тұрғанын тыңғылықты анықтау өте маңызды.

Тағы бір өзекті мәселе – содырлардың жасырын «ұяшықтары» мен олардың командалық пунктін қызметі не себепті мемлекеттің назарынан тыс қалды? Неліктен еліміздің аумағында осыншама заңсыз қару мен арнайы құралдар бар болып шықты? Терроризм нысандарын анықтау мен бейтараптандыру бойынша агентура жұмысы неліктен жүргізілмеді? Арнаулы жедел тергеу тобы өз жұмысын сапалы әрі толық көлемде атқарып, трагедияның барлық себебі мен мән-жайын анықтауы керек. **Үшінші.** Қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсету – біздің қасиетті борышымыз. Бұл мәселе менің жіті бақылауымда болады. Тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрселермен қамтамасыз етеміз. **Төртінші.** Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікте қалпына келтіру керек. Үкімет комиссиясы өз жұмысын бастап кетті. Ол азаматтар мен бизнеске қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылай көмекпен қатар, кәсіпкерлерге басқа да қолдау түрлерін ұсынады. Атап айтқанда, несиелер бойынша пайыздық төлемдер, айыппұл мен өсімпұл белгілеу тоқтатыла тұрады. **Бесінші.** Еліміздің қауіпсіздігін нығайту және қауіп-қатердің алдын алу үшін шұғыл шараларды жүзеге асыру қажет. Біз сарбаздарды, әскери техника мен қару-жарақты қажетті жерге жедел жеткізу үшін әскери-көлік авиациясы паркін толықтыру ісін қолға аламыз. Мемлекеттік шекараны нығайтуымыз керек. Көші-қон, соның ішінде ішкі көші-қон саласын тәртіпке келтіретін кез келді. Қару-жарақ айналымын мұқият тексеріп, оны заң тұрғысынан реттеу қажет. Шұғыл түрде қираған ғимараттар мен арнаулы техниканы жөндеп, бейнебақылау жүйесін іске қосып, құқық қорғау органдарының қызметін қалпына келтіру керек.

Ұлттық қауіпсіздік құрылымын қайта құру керек

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық жүйесін түбегейлі қайта құру сынды стратегиялық міндетке ерекше тоқталғым келеді. Қарулы Күштеріміздің, құқық қорғау құрылымдарымыздың, Ұлттық қауіпсіздік органдарымыздың, сыртқы барлау қызметтеріміздің жұмысын қайта құру қажет. Олардың барлығы бір мақсатқа – кез келген сипаттағы және ауқымдағы қатер кезінде азаматтарымызды, конституциялық құрылымды, егемендікті барынша тиімді қорғауға жұмыла жұмыс істеуі тиіс. Мұны мемлекетіміздің негізгі мүдделері талап етеді. Бұл міндетті шешу үшін келесі басымдықтарға назар аудару қажет. **Бірінші.** Құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Біз полицияның сервистік моделін құру және қылмыстық процесі жаңғырту ісінде біршама ілгеріледік. Бірақ жаппай террористік ша-

буылдарға қарсы тұруға дайын болуымыз керек. Күштік құрылымдардың қолбасшылары жаңа жауынгерлік дағдыларды шыңдауға, қорғаныс пен шабуылдаудың тиімді құрал-жабдықтарымен жабдықтауға шұғыл кірісуі қажет. **Екінші.** Ұлттық ұланды сан мен сапа тұрғысынан нығайту, ПМ-нің арнаулы мақсаттағы құрылымдарының және Ұлттық ұланның санын ұлғайтып, әскери дайындығын күшейту керек. Қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қосымша жарактандыру қажет. Бүкіл күштік құрылымдардағы арнаулы бөлімшелер қызметкерлерінің жалақысы көтерілсін. **Үшінші.** Полициялардың құқықтық қорғалуын арттыру. Билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет. **Төртінші.** Әскердің жауынгерлік қабілетін арттыру. Қысқа мерзім ішінде Арнаулы операция күштері қолбасшылығын құру. **Бесінші.** Шекара қызметінің ұйымдастыру және басқару принциптерін қайта қарау қажет. Мемлекеттік шекараны әскери қорғаудан жедел жұмыс әдістеріне баса назар аударған реформаларға ревизия жүргізу. **Алтыншы.** Сыртқы, әскери, қылмыстық және қаржылық барлауды қоса алғанда, барлау қызметін толықтай құру қажет. **Жетінші.** Түрлі күш құрылымдар арасындағы тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету керек. Мемлекеттік органдардың дағдарыс жағдайындағы іс-қимылдарының алгоритмдерінің маңызын арттырып, ведомствоаралық үйлестіруді күшейту қажет. **Сегізінші.** Күштік құрылымдардың өздігінен шешім қабылдай алуын қамтамасыз ету, басшыларының жауапкершілігін күшейту қажет.

Тоғызыншы. Діни экстремизмге қарсы күресте жүйелі іс-шаралар кешенін іске асыру. Олардың криминалмен, әсіресе, қылмыстық-атқару мекемелеріндегі қылмыскерлермен сыбайласып кетуіне мүлдем жол бермеу керек.

Қайғылы жағдай негізінен күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен кейбір мемлекеттік органдар жұмысының тиімсіздігі, нақты айтқанда, олықылығы салдарынан болғанын мойындау керек. Жекелеген атқарушы органдардың азаматтардың қиын жағдайы мен қажеттіліктерін айтпайтын алашақтауы байқалды. Билік құрылымдарының өкілдерінде халықтың өміріне, олардың ұмтылыстары мен қажеттіліктеріне қатысты қате көзқарас қалыптасты. Теңсіздік мәселесі де ұшыға түсті. Ол жылдан-жылға қиындай берді, ал халық табысының орташа көрсеткіштері жыл санап қағаз жүзінде болса да өсіп жатқанды көрінді. Алайда елеулі орташа табыстың артында қоғамдағы мүлкікті күшті жіктелу бар. Азаматтардың көптеген өзекті мәселелері шешілген жоқ. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру және әл-ауқатын жақсарту – мемлекеттің басты міндеті. Бұл сөздерді шынайы іске айналыдыру қажет. Халықтың барлық саясиатын табысы экономика денгейімен қатар өсуі керек.

Әділ бәсеке - экономикадағы басты талап

Экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту. Бұл жүйенің өзегінде қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін кәсіпкерлеріміздің ауқымды тобы тұратыны анық. Яғни, бұл – өзінің және балаларының тағдырын Қазақстанмен сана байланыстыратын кәсіпкерлер. Дәл осындай кәсіпкерлер ел болашағы үшін өзіне жауапкершілік алуға дайын. Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым. Үкімет осы заңның әлеуетін нақты іс жүзінде пайдалануы қажет.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі туралы көптеген әділ сұрақтар туындап жатыр. Қалыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға «достарға – бәрі, қалғандарына – заң бойынша» қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі күшейтеді. Ірі кәсіпорындар бәсекелестікті тұншықтырып, реформалар жасауға кедергі жасайтын ерекше артықшылықтарға ие. Мысалы, Қазақстан даму банкі қаржы-өнеркәсіптік және құрылыс топтарынан өкілдік ететін

таңдаулы тұлғалардың жеке банкіне айналды. Бәрінің аты-жөнін білеміз. Жоғары кабинеттерге кіре алатынын пайдаланып, олар өз жобаларын іске асыруда артықшылықтарын пайдаланып отыр. Бұл жобаларға кеткен мемлекеттің қаражатын шағын және орта бизнесті дамытуға жұмсауға болатын еді. Үкіметке Қазақстан даму банкінің қызметін қайта құруды тапсырамын. Мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үдерістері ашық емес әрі тиімсіз болып отыр. Бұл тәсілдерді түбегейлі қайта қарау керек. Өңірлердегі шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн.

Әділ бәсекелестік біздің экономика үшін басты талапқа айналуға тиіс. Бүгінде бағаны ымыраласа отырып белгілеу қалыпты нәрсеге айналды. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сатып алу саласында картельді келісімдер жасау кеңінен тарап кетті. Мысалы, мен былтыр фармацевтика нарығындағы картельді ретке келтіруді тапсырдым. Бірақ, кейбіреулер заңнамадағы кемшіліктерді желеу етіп, бұл жұмысты аяқсыз қалдыруға тырысуда. Сондықтан, картельді келісімдер жасасты деген күдік болған жағдайда, мемлекеттік сатып алуға қатысушыларды тексеруге тыйым салу туралы мораторийдің күшін жоюды тапсырамын.

«Самұрық-Қазына» қорын реформалау маңызды

Жылдан-жылға біздің азаматтарымыз бен кәсіпкерлеріміз жанар-жағар май өндіру және оны бөліп-тарату жүйесінің ашық болмауынан зардап шегіп келеді. Тіпті, жанар-жағар май бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс. Егер бұл жұмыс бір жолға қойылмаса, жанар-жағар май бағасын реттеу жүйесі сақталады.

Келесі мәселе – «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі. Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни, осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГОК, «Қазакгаз» және «Қазакстан темір жолы» сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. Осы тұста қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни «Ұлттық байлықты еселей алды ма?» деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлер, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан, Үкіметке стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн. Қордың сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелер бар. Шағымдар жиі түседі. Осы мәселелердің міндетті түрде жауабын табу керек. Әсіресе, мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен келісімшарт жасауға мүмкіндік беретін негіздерді азайту маңызды. Алда «Самұрық-Қазына» қоры мен басқа да ұлттық компаниялардың сатып алулар тәртібін қайта қарастыру міндеті тұр. Былтыр «Реттелетін сатып алулар туралы» заң шықты. Алайда мәселелердің көбі бұрынғыша қордың өз шешімдері заңға тәуелді актілер денгейінде шешілуде. «Самұрық-Қазына» ережелері мен рәсімдерін Қаржы министрлігімен және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісуді қамтамасыз ету керек.

Экономиканы әртараптандыру – күрделі міндет. Әртараптандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі айтарлықтай өсті деп айтуға келмейді. Біз әлі күнге дейін бірқатар өнім түрінен импортқа тәуелдіміз. Жыл өткен сайын еліміздің төлем балансында өткір тапшылық байқалауда. Алюминийден, мыстан жасалған дайын бұйымдар

және машина жасау саласына қажетті жабдықтар әлі күнге дейін шетелден әкелінеді. 2020 жылдың қорытындысы бойынша тек мұнай-газ және тау-кен машина жасау саласының импорты 4 миллиард доллардан асты. Әлде еліміздегі кейбір адамдар ахуалдың дәл осындай күйде болуына мүдделі ме? Үкімет бүкіл өнеркәсіп саласына терең талдау жұмысын жүргізуге тиіс. Шикізат қорын, құзыреттері мен экономикалық тиімділікті ескере отырып, бәсекеге қабілетті секторларды анықтау керек. Жүргізілген талдаудың негізінде нақты жобаларды әзірлеп, инвесторларды тарту қажет. Бұл – Үкіметтің жаңа құрамының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Утильдік алым көлемі қайта қаралады

Кәсіпкерлер мен жалпы қоғам тарапынан «РОП операторы» деп аталатын компанияның қызметіне қатысты көптеген сұрақ туындап отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс ұйымдастыруға дейін жетті. Үкіметке «РОП операторы» ЖШС-нің утильдік алым жинау мен пайдалануын тоқтату бойынша шара қабылдауды тапсырамын. Мұнымен шет елдердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек. Алымдардың өзіне келсек, олардың да ставкасы қайта қаралғаны жөн. Мемлекеттің утилизациялау, автомобильді өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы машиналарын жасауға қолдау көрсетуін ешкім тоқтатқан жоқ. Бұл мәселені бизнеспен және қоғаммен конструктивті түрде талқылау керек.

Отандық автокөлік пен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алушыларға утильдік алым есебінен ваучер беру мәселесін қарастырып жөн. Осы және өзге де утильдік алым қаражатын жаратудың қоғамға пайда келтіретін тәсілдерін қарастырыңыздар.

Біздің қоғамды, әсіресе, елорда тұрғындарының ашу-ызысын туғызатын немесе қатты алаңдататын тағы бір мәселе – ЛРТ құрылысы. Ол кәдімгі инфрақұрылымдық жобадан елдің абырой-беделіне нұқсан келтіретін күрделі проблемаға айналды. Орасан зор қаражат жұмсалды, қарыз алынды. Шетелдік әріптестер алдында ауқымды келісімшартты міндеттемелер қабылданды. Бұл жобаның қабылдануының өзі әу бастан қате болды, оны мойындау керек. Оған қоса, бұл жобадан жемқорлықтың иісі мұңкіп тұр. Енді отңайлы шешім қабылдау қажет. Себебі оны жай ғана бұза салу уақыт пен ақшаны босқа кетіру деген сөз. Бізде отандық және шетелдік сәулетшілер мен урбанистерді шақырып, жобаны пайдаланудың ықтимал нұсқаларын анықтаудан басқа таңдау жоқ.

Ауыл шаруашылығына ерекше назар аудару керек. Соңғы жылы елімізде қуаңшылық болды. Былтырға қарағанда жиналған астық көлемі 4 миллион тоннаға кеміді. Бұл шикізатпен және жем-шөппен қамтамасыз ету ісіне әсер етті. Болжам бойынша биыл да ахуал күрделі болуы мүмкін. Үкімет тұқыммен, жем-шөппен, тыңайтқышпен қамтамасыз ету мәселелерін және егін егу науқанын қатаң бақылауда ұстауға тиіс.

Азық-түлік мәселесі басты орында

Субсидияны тұрақты беруге қатысты мәселе жиі көтеріледі. Мен бұған дейін субсидиялау тәсілдерін қайта қарау қажеттігі туралы тапсырма берген болатынмын. Бұл жұмыс қысқа мерзім ішінде атқарылуға тиіс. Біз субсидия алуды жеңілдетуге, оның қолжетімді болуын және ашықтығын қамтамасыз етуге тиіспіз. Жуырда болған заң бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу маңызды. Алдағы үш жылда азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін түбегейлі шешу қажет. Бұл Үкімет пен әкімдерден алдында тұрған негізгі басымдық екеніне айрықша назар аударамын. Егер нарықта азық-түлік тауарлары мол болмаса, инфляцияны ұстап тұруға ешқандай шара көмектеспейді.

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін бюджет кірістерінің қосымша көздері қажет. Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты тау-кен өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындардың кірісі өсті. Мұны білеміз. Үкіметке бюджетке қосымша кірістер мәселесін пысықтауды тапсырамын. Есесіне жаңа кен орындарын барлау мен игеруге ауқымды жеңілдіктер беруге болады. Мен

ірі тау-кен және басқа компаниялар туралы айтып отырмын.

Қолайлы нарық жағдайында бензин өндірушілер мен әртүрлі делдалдар қосымша пайда көреді. Осы пайданың бір бөлігін акциздер арқылы бюджетке алу қажет деп санаймын. Үкімет тиісті есептеулер жүргізуі керек. Бұл ретте бағаның өсуіне жол бермеу қажет.

Бюджет кірістерін арттырудың айтарлықтай әлеуеті кеденде тәртіп орнатумен байланысты. Әсіресе, Қытаймен шекарада. Онда болып жатқан былықтар бәріне мәлім. Машиналар тексерілмейді, салықтар мен баждар төленбейді. Қытайдың кеден органдарымен салыстырмалы статистикадағы сәйкессіздік миллиардтаған долларға жетеді. Қол сұғылмайтын мәртебесі бар «уәкілетті операторлар» бар. Еліміз салық түрінде ондаған миллиард теңгені жоғалтып отыр. Бұлай болмайды. Бас прокуратураға Қаржы министрлігімен, Қаржы мониторингі агенттігімен және басқа да мүдделі органдармен кешенді тексеру жүргізіп, кедендік шекарадағы тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бюджет кірістері туралы айтқанда, шығыстардың жекелеген баптарына тоқталмауға болмайды. Үкімет мүшелері мен депутаттардың, әкімдердің еңбекақыларына тоқталайын. Өткен жылдың соңында бұл мәселе қоғамда қызу талқыланды. Негізгі аталған санаттағы мемлекеттік қызметшілердің жалақысы толығымен жеткілікті деп санаймын. Сондықтан Үкімет мүшелерінің, өңірлер әкімдерінің және депутаттардың жалақысын көтеруге бес жылдық мораторий жариялауға болады деп есептеймін. Бұл Мәжіліс депутаттары үшін жақсы жаңалық емес екенін түсінемін, бірақ сіздер бұл жаңалықты түсіністікпен қабылдайсыздар деп ойлаймын. Әкімшілік мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттегілердің еңбекақысын бюджет мүмкіндіктерінің өсуіне қарай арттыруды жалғастырамыз.

Әлеуметтік тұрақсыздық қаупі жоғары

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы ұлттық экономиканы одан әрі дамытудың кепілі екені белгілі. Экономика өсіп, халықтың табысында алшақтық пайда болғандықтан, тұтыну несиелері айтарлықтай артты. Оның мөлшері бизнесті несиеге көлемінен асып кетті. Халық қазіргі уақытта көп несие алып жатыр. Осыны ескерсек, бұл қаржы нарығын құбылтып, әлеуметтік тұрақсыздық қаупін тудыруы мүмкін. Үкімет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң жобасын әзірлеуді бастады. Бірақ, бұл тығырықтан шығатын жол емес. Ең алдымен, шектен тыс қарыздың көбеюін болдырмау қажет. Сондықтан, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық банкпен бірлесіп, пруденциалды реттеу тетіктері арқылы нақты әрі жедел шешім қабылдауды тапсырамын.

Валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпейінше, тұрақты экономикалық өсім мүмкін емес. Орын алған оқиғалар, төтенше жағдай режимі салдарынан ұлттық валютаға айтарлықтай алаяқтық қысым тәуекелі туындады. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне нарықтың сыртқы және ішкі қатысушылары тарапынан теңгеге сенім толықтай қайта қалпына келгенге дейін валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырамын.

Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында жалақы мен зейнетақыны бірнеше рет көтердік. Бірақ әрдайым бағаның бақылаусыз өсуімен бетпе-бет келеміз. Бірнеше жыл бойы жоғары инфляция экономикамыздың басты проблемасы болып отыр. Ол экономикалық және әлеуметтік саясатты тиімділігін төмендетеді. Бұл мәселеге нүкте қоятын кез келді. Бағаны және халықтың инфляциялық күтуін тұрақтандыру керек. Инфляцияны төмендету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуі тиіс. Мақсатты дәліз – 2025 жылға қарай 3-4%. Үкімет Ұлттық банкпен және «Атамекен» палатасымен бірлесіп, инфляцияны бақылау жөніндегі кешенді іс-шаралар әзірлеуі қажет. Ол импортқа тәуелділікті, артық делдалдықты төмендету бойынша іс-шараларды және ақша-несие саясаты құралдарын қамтуы керек.

Қазақстанда тікелей шетел инвестициясын тарту үшін барлық жағдай жасалған. Біз қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталуына мүдделіміз. Мемлекет ішкі және шетелдік инвесторлардың сенімін қайта қалпына келтіру үшін қажетті барлық іс-шараны қабылдайтындығына сендіргім келеді. Инвесторлар алдындағы мемлекеттің барлық міндеттемесі мен кепілі толық көлемде орындалатын болады. Осы кезеңде жаһандық энергетикалық және технологиялық өту – ESG талаптарының күшеюі жағдайында елдің тартымдылығын арттыру үшін Инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасы қажет.

Келесі мәселеге ерекше назар аударғым келеді. Төтенше жағдай режимінің енгізілуіне байланысты жекелеген қаржылық-өнеркәсіптік топтардың капиталды шетелге, оның ішінде жалған мәмілелер жасау жолымен жылыстату тәуекелі жоғары. Біз қазірдің өзінде жекелеген тұлғалардың есепшоттарындағы қозғалысты байқа-



дық. Сондықтан Ұлттық банкке Қаржылық мониторинг және қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, нақты бақылауды қамтамасыз етуді, барлық транзакциялар мен елден қаражатты негізсіз шығарған тұлғаларды тексеруді және бақылауға алуды тапсырамын.

Жаңа Үкіметтің пәрменін көрер күн жақын

Сөзімнің экономикалық блогын түйіндей келе, бүгін біз жаңа Премьер-Министрді тағайындағанымызды, оған бірқатар нақты тапсырма жүктелгенін атап өткім келеді. Премьер-Министрге үш аптаның ішінде Үкіметтің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеуді тапсырамын.

Дүниежүзінде коронавирустың жаңа толқыны басталды. Қазақстанда науқастардың күрт өсуі байқалады. Тәулігіне 2 мыңнан астам жаңа жағдай тіркеледі. Пандемия басталғалы бері вирус жұқтырғандар саны 1 миллионнан астам адамды құрады. Сондықтан босансымай, коронавируспен күресті жалғастыру маңызды. Бұл да жаңа Үкіметтің басты міндеті болуы керек.

Енді өңіраралық теңсіздіктер туралы. Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатпағаны баршаға аян. Теңсіздік әлеуметтік жайсыздық пен көші-қонның артуына жол ашты. Соңғы оқиғалар батыс және оңтүстік өңірлерде халықты еңбекпен қамтудың өзекті мәселелерін көрсетті. Бұл өңірлерде бала туу деңгейі жоғары, ал экономика өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып үлгері алмай жатыр. Сондықтан аталған облыстарда жүйелі индустрияландыру, шағын және орта бизнеске көмек көрсету, қызмет көрсету саласын дамыту өңірлік емес, ұлттық басымдық болмақ. Дамудың мәдени-ағартушылық құрамдас бөлігін де ұмытпау керек. Үкіметке аталған өңірлер үшін «Ауыл – ел бесігі», «Бизнестің жол картасы» және басқа бағдарламалар аясында жекелеген бағыттар әзірлеуді тапсырамын.

Әрі қарай. Жасыратыны жоқ, көбіне кей өңірді қолдау деңгейі тұрғындардың сұранысына емес, нақты бір әкімнің «салмағына» байланысты. Бұл дамудағы теңсіздікке және азаматтардың наразылығына әкеледі. Сондықтан тәсілдерді біртіндеп өзгерту керек. Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі реформалаудың уақыты жетті. Үкіметке заңнамалық өзгерістер пакетін әзірлеуді тапсырамын. Мемлекеттік басқару саласы кешенді реформалауды қажет етеді. Кадрлық әлеуеттің төмендігін, формализмді, жемқорлықты және кадр тұрақтамауын мойындау керек. Сондықтан халықтың мемлекеттік билік институттарына сенімі төмен. Мемлекеттік қызметке алу талабын жетілдіру, артық талаптар мен кедергілерді жою керек. Жұмысқа қабылдау мен жоғарылатудың нақты принципі «меритократия» болуы керек. Мемлекеттік қызмет кез келген қазақстандық үшін ашық болғаны жөн.

Сондай-ақ мемлекеттік қызметтен кету процесін де жеңілдету керек. Ешқандай бастамасы жоқ кейбір шенеуніктер кабинетінде жылдар бойы тапжылмай отырады. Олар жас әрі болашағы зор мамандардың өсуіне жол бермейді, мемлекеттік аппараттың тиімділігін төмендетеді. Ондай шенеуніктермен оңай қоштасу керек. Дегенмен мемлекеттік басқару аппаратына келсек, шенеуніктің институционалдық жады да маңызды мәнге ие. Барлық шенеунікті бірден жастармен ауыстыра салуға болмайды. Бұл жерде мейлінше қиынды қадам қажет. Егер 60 жастағы шенеунік өз қызметін ойдағыдай атқарса, институционалдық жады болса, мемлекеттік қызмет үшін өте пайдалы болса, оны жұмыстан шығаруға болмайды. Яғни ақылға қонымды, сараланған көзқарас болуы керек.

Жастарға берілген мүмкіндік

Мен «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасына бастама жасадым. Бұл – келешегі зор жастар үшін әлеуметтік саты. Сонымен бірге жаңаша ойлауды қалыптастырудың, мемлекеттік аппарат

жұмысына жаңа тәсілдерді енгізудің тетігі. Бұл тәжірибе жалғасын табады. Менің тапсырмама сәйкес, өткен жылы мемлекеттік аппараттың көлемі 15 пайызға қысқартылды. Мемлекеттік аппарат реформалардың қозғалтқышы және орындаушысы, азаматтарға маңызды мемлекеттік қызметтер көрсетеді, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Шенеуніктердің азаматтармен диалогының тиімділігінің бұрынғыша төмен екендігін айтып өткен жөн. Мемлекеттік орган басшылары халықпен сөйлесе алмайды, тіпті кейде қорқатын секілді. Үкімет мүшелері өңірлерге жиі шығуы тиіс. Ал өңір әкімдері әрбір елді мекен тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізуі керек.

Тағы бір мәселе – бюрократияның етек жаюы. Ол азаматтардың санасында мемлекеттік аппарат туралы баяу жұмыс істейтін немқұрайды машина деген әділ түсінік қалыптастырады. Бюрократия – реформалардың сапасыз орындалуының негізгі себептерінің бірі. Мұндай аурудан бөрімізге емделу керек. Реформаның формасы емес, мазмұны басымдыққа айналуы қажет.

Бүгінде мемлекеттік органдар тапсырмалардың мазмұнды іске асырылуына емес, бюрократиялық орындалуына бағытталған. Формасы бойынша үлгілі, бірақ мазмұны жағынан нашар құжаттар әзірленіп жатыр. Негізгі интеграциялық жүйелердің болғанына қарамастан, меморгандар қағазды қапталып, мәнсіз хат алмасуын қояр емес.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректерін ресми және қағаз түрінде дәлелдеуді қажет етпейді деп тану керек. Олай болмаса, цифрландыруды не үшін енгізіп жатырмыз? Цифрландыру сәнді ойыншық емес қой. Ол мемлекеттік аппарат функциясын орындау тұрғысынан пайдалы болуы қажет. Жиындардың көбін онлайн форматта өткізу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің функционалдарында мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және бюрократиясыздандыру шараларын іске асыру мен мониторингтің нақты функцияларын қарастыру қажет.

Іске көшер кез келді

Азаматтардың әл-ауқаты және әлеуметтік көңіл-күйі мемлекеттің басты назарында болуы керек. Цифрлармен ойнауды қойып, нақты істерге көшетін кез келді. Мемлекеттік аппарат көп жағдайда «өзін-өзі тиімді жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» секілді терминдерді қолданып, жағдайды жасыруды жақсы көреді. Соның салдарынан көптеген адам жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, әлеуметтік қорғаусыз қалып жатыр.

Бұл әлеуметтік-еңбек саласын сапалы жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатта мынадай шаралар кешенін қабылдаған жөн. Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеу қажет. Жұмыс нақты әрі әрбір азаматқа бағдарланған болуы керек. Басқарудың әр деңгейінде кедейлікті төмендетудің нақты көрсеткіштерін бекіту қажет.

Жұмысқа орналастыруды қажет ететін азаматтардың нақты санын анықтау керек. Олар кездейсоқ табылған жұмысын істеп өмір сүреді. Кейбіреулер табыс іздеу жолында заң бұзуға да мүмкін. Үкіметке «Жастар тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбекақысын көтеру

мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды. Үкіметке тиісті гранттардың мөлшерін 2 есеге – 400 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейту жүктеледі.

Сапалы білім - даму кепілі

Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру – сөзсіз басым бағыт. Бұл – бүкіл қоғам дамуының аса маңызды факторы. Біз мектептерді қалай материалдық жағынан қамтамасыз етсек те, жақсы мұғалімсіз білім сапасын көтеру мүмкін емес. Ұлы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Мұғалім – мектептің жүрегі». Сондықтан мен мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тартудың тиісті қолдау пакеттері бар арнайы бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Жоғары білімнің қолжетімділігі де – көкейкесті мәселе. Елдің халық тығыз қоныстанған өңірлеріндегі жастарға арналған мақсатты гранттар бөлуге айрықша назар аудару қажет. Жаңа экономика құру үшін ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңызды. Таяу уақыттардан бері Қазақстанда алдыңғы қатарлы шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу басталды. Жақын арада Ресейдің үздік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жоспарланып отыр. 2025 жылға қарай елімізде беделді шетелдік жоғары оқу орындарының кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп есептеймін. Осы орайда, екі техникалық бағдарланған филиалды еліміздің батысында ашқан жөн. Жалпы, бәрімізге білім туралы көзқарасымызды өзгерту қажет. Гуманитарлық мамандықтармен әуестену кезеңі келмесе кетті. Басымдықты техникалық мамандықтарға беру керек. Инженерлер мен өндірісшілердің жаңа буынын өсіріп шығару қажет.

«Халықтық қор»

Әлеуметтік әділдік те маңызды мәселе – бірі болып қала береді. Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Мемлекет аз жұмыс атқарып жатқан жоқ. Республикалық бюджеттің 50 пайыздан астамын әлеуметтік шығындар құрайды. Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде Ұлттық қор бар, ол – еліміздің қаржылық тірегі. Бүгін «Қазақстан халқына» қоғамдық-әлеуметтік қорын құруды тапсырамын. Ол денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы өзекті мәселелерді шешумен айналысатын болады. Мысалы, сирек ауруға шалдыққан балаларға көмек көрсетіледі. Өйткені көптеген отбасы емдеу ақысын төлей алмайды. Қалаларда, аудандарда, кенттер мен ауылдарда балаларға спорттық нысандар салынады. Дарынды балаларға көмек көрсетеміз. Мәдениетті қолдаймыз. Алматының сұмдық қасіретті оқиғадан оңалуына көмектесеміз. Осы қор есебінен қаза тапқан полицейлер мен әскери қызметшілердің отбасыларына қолдау көрсетеміз. Бұл жекелеген мысалдар ғана.

Атап өтейін, бұл Президенттің, Үкіметтің немесе басқа мемлекеттік органның қоры емес. Бұл – барша қазақстандықтардың қоры, халықтық қор. Ол Әкімшіліктің немесе Үкіметтің жанында жұмыс істемейді. Беделді байқаушылар кенесі құрылып, адал да жауапты басшы тағайындалады. Біз оның қызметінің толық ашықтығын, қоғам алдындағы есептілігін мен бақылануын қамтамасыз етеміз. Жоспарлар, бюджет, жобалар сайтта жарияланады. Барлық ақпарат ашық болады. Қор жеке және мемлекеттік көздерден қаржыландырылады. Халықаралық қайырымдылық ұйымдарының көмегін тарту жоспарланып отыр. Бұл қорға лотерея операторынан, бәс тігу орталығынан және басқа монополистерден міндетті жарналар түседі.

Әлбетте, біз қорға ірі бизнес тарапынан қомақты әрі тұрақты, атап айтқанда, тұрақты аударымдар жасалуын күтеміз. Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар мен тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да бай адамдар тобы пайда болды. Енді сол

байлығынан Қазақстан халқына беретін және оған жүйелі әрі тұрақты негізде көмектесетін уақыт жетті деп есептеймін. Сондықтан Үкіметке компаниялар қатарын анықтау және олармен қорға бөлінетін жыл сайынғы жарна көлемін келісу қажет болады. Сонымен қатар, іс жүзінде орасан қаражатқа ие бола отырып, көлеңкеде қалып келе жатқан тұлғалардың да белсенді қатысуын күтемін. Қор қоғамды ұйыстырудың тағы бір құралы болатынына, азаматтардың бойында әлеуметтік әділдік сезімін нығайтатынына сенімдімін.

Өткен оқиғалар қоғамымыздағы өткір мәселелерді айқындай түсті. Қалаларымызға, туғандарымыз бен жақындарымызға жасалған шабуыл мемлекетіміздің ең басты құндылықтарының – бейбітшілік пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін көрсетті. Біз мемлекет пен азаматтардың біртұтас екенін айқын түсінуге тиіспіз. Ел қауіпсіздігі туралы сөз болғанда, бұлар ұғымдар бір-бірінен ажырамақ емес.

Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар. Көптеген жас азаматтарымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады. Әскери билетке ие болу жастардың мақтаншын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды. Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия. Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы. Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек.

Біз – мықты халықпыз. Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік. Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны өнсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз.

Жалпы, мемлекет пен қоғамның арасындағы өзара қарым-қатынасты трансформациялау қажеттілігі пісіп жетілді. Қоғамдық келісімшарттың жаңа форматы қажет. Қазақстан саяси жаңғыру бағытын жалғастырады. Бұл – менің қағидатты ұстанымым.

Саяси салада бірқатар шаруа атқарылды. Менің тарапымынан саяси реформалардың төрт пакетін ұсынылды, соларды жүзеге асыру аясында 10-нан астам заң қабылданды. Бұл орайда мен өте жедел әрі сапалы жұмыстары үшін Сенат пен Мәжіліс депутаттарына аса ризамын. Митингтер туралы шын мәнісінде жаңа заңнама іске қосылды.

Партия құру үшін тіркеу кедергілері мен олардың Парламентке өту межесі төмендетілді. Әйелдер мен жастардың Мәжіліс пен мәслихаттарда өкілдік ету аясы кеңейді. Парламенттік оппозиция институты енгізілді, сайлау бюллетендерінде «Біріне қарсымын» деген баған қайта болды. Ел тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдерін тікелей сайлау өтті.

Қыркүйектегі кезекті жолдауымда азаматтық қоғаммен және сарапшылармен кең ауқымды және сындарлы диалог негізінде әзірленетін саяси реформалардың жаңа пакетін ұсынамын. Мемлекет те өзінің базалық функцияларының толыққанды және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекет заңдылықты сақталуына және құқықтық тәртіпке, азаматтардың қауіпсіздігі мен меншік құқықтарының қорғалуына кепілдік беріп, әлеуметтік игілікті және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс. Өз кезегінде бизнес пен азаматтар қоғамдық мінез-құлық нормалары мен заңнамаларының сақталуына, салықтардың әділ төленуіне және еңбек қатынастарындағы ашықтыққа жауапты. Осыған байланысты кезең-кезеңмен жүзеге асатын өзгерістер бағдарламасын әзірлеу қажет. Үкіметке жауапты сарапшылық қоғамдастықпен және азаматтық қоғаммен бірлесіп отырып, тиісті ұсыныстар пакетін әзірлеуді тапсырамын. Ол Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бір отырысында қаралатын болады.

Құрметті отандастар! Құрметті депутаттар!

Жақында болған қайғылы оқиғалар кезінде азаматтарымыздың басымыз көпшілігі патриоттық танытты, экстремистермен күресте бірлігін көрсетті. Халықтың ағыз бірлігі, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егеменді даму идеясына деген шынайы сенімі қоғамды ұйыстыру және елімізді ілгерілету үшін қуатты іргетас болып саналады.

Біз барлық қиындықты бірге өңсереміз. Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз!

Қадірлі отандастар!

Қиын күндер артта қалды. Осы естте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымызды білдіреміз! Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет.

Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат!

Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!

Нұрғәре ЖҮСІП,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ!

Қазақстан Президентінің бүгінгі сөзі тарихи сөз болды деп есептеймін. Өйткені, Жаңа Қазақстанды бірге құрайық деген сөзбен аяқтады. Барлық ел өміріндегі өзекті мәселелер ортаға салынды, ашық айтылды.

Бұл біздің жаңа кезеңге көшкенімізді білдіретін мәлімдеме, халықтың жағдайын жақсарту. Бірінші кезекте – елдің тұтастығын қамтамасыз ету, сақтау, егемендікті сақтау, осыған орай, әскерилердің күшін арттыру, халықты, осы ішкі істерге жұмылдыру мәселесі, көшені қирандылардан тазарту, қалыпқа келтіру, жағдайды реттеу сияқты өте бір өзекті, ойлы, салмақты және қажетті шешімдерді тапсырды.

Үкімет бірқатар мәселелерді жүзеге асырудың мерзімін белгілеп берді. Сондықтан да, халықтың үміті мен сенімін оятқан, ертеңгі күнге деген сенімді орнықтыру ең бір басты мәселе болды. Президент сөзінен осының бәрін аңғардық. Яғни, «Қазақстан халқына» деген арнайы қордың құрылатындығы белгілі болды. Демек, біздің бұрынғы көптеген олигархаттық жүйенің, жасалған былықтардың салдарынан болғандығы бізге баян болды. «Самұрық-Қазына», азаматтарды көп толғандырған «үтил сбор», бағаның шектен тыс бетімен кетуі, Ұлттық банкке инфляцияның 3-4 пайыз дәлізін 2025 жылға дейін сақтау мәселесі айтылды.

Ең тағы бір маңызды нәрсе – аймақтарды дамыту мәселесіндегі теңгерімді саясаттың болмағандығы да ашық айтылды. Осыған орай біздің қазақтың білімді жастарының қатарын, яғни, техникалық білімді мамандарды, инженерлерді даярлауға ерекше назар аудару тапсырылды. Және жоғары жетекші оқу орындарының бес филиалын ашу, оның ішінде екі техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарын батыс өңірде ашуға тапсырманың берілуі құптарлық. Мұның барлығы да халыққа қуат беретін сөздер деп есептеймін.

Елдің ішкі қуатына көп нәрсе байланысты. Біз қиындықтан бірге шығамыз. Бірге еңсереміз. Ұрпағымыздың баянды болашағын бәріміз бірге жасаймыз. Азаматтардың осы Қазақ мемлекеті деген ұғымның төңірегінде бірлесуі, қазақтың атына кір келтірмеуі жөніндегі біздің іс-әрекетіміздің саналы, сындарлы, салмақты болуы өте маңызды. Сондықтан бір болайық, бірге болайық. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!



Зарема ШАУКЕНОВА,
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институтының
директоры:

«ӘЛЕУМЕТТІК САЛА САПАЛЫҚ ТҰРҒЫДА ЖАҢАРУ ҚАЖЕТ»

Еліміз үшін 2022 жылдың басы өте күрделі дағдарыспен, ауыр сынмен тұспа тұс келді. Мемлекетімізге қарсы, еліміздің Конституциялық құрылымына қарсы террористік шабуыл жасалды. Оған бүкіл ел болып бірігіп, тойтарыс бердік. Контртеррористік операцияның негізгі фазасы аяқталуға табын тіреді, соңғы мәліметтер бойынша, еліміздің барлық өңірінде ахуал тұрақты. Сейсенбідегі Мәжіліс отырысында Қасым-Жомарт Кемелұлы ҰҚШҰ бітімгер күштерінің негізгі миссиясының сәтті аяқталғанын мәлімдеп, екі күннен кейін ҰҚШҰ-ның бірлескен бітімгер контингентін Қазақстанның жерінен кезек-кезектен шығару басталатынын атап көрсетті. Сондай-ақ, бүгін Президенттің ұсынысымен ҚР Премьер-Министрі лауазымына Әлихан Смайыловтың кандидатурасы Мәжіліс депутаттарының бірауыздан қолдауымен бекітілді. Премьер-Министр кандидатурасын таңдауда мемлекетіміздің алдында тұрған мемлекеттік қаржы мен экономиканы қайта жаңғырту бойынша ауқымды міндеттерді жүзеге асыру мәселелері де үлкен рөл атқарды. Жалпы, Мемлекет басшысының Үкімет басшысы мен құрамы алдында қойған маңызды міндеттерді бірнеше блокқа бөлуге болады.

Ең алдымен, еліміздің әскери, құқық қорғау және қарулы күштер саласын реформалау мәселесі. Екінші, экономикалық блок. Қазіргі таңда теңсіздік мәселесі, мүлктік әжіктелу байқала бастады, сонымен бірге халықтың әлеуметтік проблемалары толық шешілмей жатқаны да баршаға белгілі. Мемлекет басшысы осы проблемаларды ашық көрсетіп, Үкіметті көпшіліктің көкейінде жүрген «Самұрық-Қазына» қоры және басқа да ұлттық компаниялардың сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелерді, жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық, ашық әрі айқын болуы, экономикадағы олигополия, бизнесті қолдауға арналған мемлекеттік шаралардың кемшіліктері, жемқорлық секілді мемлекеттің дамуын тежейтін проблемаларды шешуге шақырды.

Үшінші, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару жүйесіне арналған блок. Осы уақытқа дейін мемлекет қызметкерлерінің тиімділігі туралы айтылып келе жатыр. Мемлекеттік қызметкерлер саны 15 пайызға дейін қысқартылды. Осымен Мемлекет басшысы қысқартуды тоқтатуды ұсынды. Алайда, бұл саладағы сапалық, мазмұндық жұмысқа аса назар болу қажеттілігі алға қойылды. Меритократия қағидатын дұрыс түсініп, оны тиімді әрі ақылмен іске асыруды шақырды.

Төртінші, әлеуметтік саланың сапалық тұрғыда жаңаруы. Ол әлбетте, халықтың алауқатын, табысын көтеру, медициналық, білім беру, әлеуметтік игіліктерін кедергісіз, толық мөлшерде пайдалану, олардың қолжетімді болуымен байланысты. Осы ретте, Президент Әлеуметтік кодексте осының бәрі соңғы ахуалды, пандемияның салдарын ескере отырып, көрініс табуы керектігіне аса мән берді.

Мемлекет басшысының айтуынша, мемлекеттік бюджеттің 50 пайызынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалады, дегенмен ол әлі де жеткіліксіз.



Ләззат СҮЛЕЙМЕН,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

БИЛІК ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ БОЛУЫ КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде қалыптасқан жағдайға түбегейлі өзгеріс керек екеніне мүдделілігін көрсетті. Ең алдымен билік халықтың сенімін қайтарып алу керек. Билік пен халық бірге болуы керек. Бұл халықтың да айтып отырған талабы.

Мемлекет басшысы қазіргі қоғамда әлеуметтік-экономикалық әділетсіздік туғызып отырған мәселелерді тізіп айтып, мемлекеттік институттарды қалай дамыту керектігі туралы нақты бағыттар берді. Егер бұл нәтиже бермесе, ол институттардың таратылатындығы туралы айтты. Бұл халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді және жастардың, әсіресе жұмыссыз жастардың экономиканың бір мүшесі екенін сезінуге мүмкіндік береді.



Бүгінгі бекітілген Премьер-Министрдің кандидатурасын біз де қолдаймыз. Әрине, Смайыловтың үкіметіне сын да, үміт де көп болады. Сондықтан да бұл Үкіметтен күтеріміз көп. Экономикалық реформаларды тездетіп жүзеге асыруымыз керек.

Ал енді осылардың бәрін жүзеге асыру үшін билікте халықтың өзінен шыққан, халыққа жаны ашитын, өз мүддесінен халықтың мүддесін жоғары қоятын азаматтар болу керек. Басқа жол жоқ бізде.

Марат САҒЫМБЕК,
Алматы облысы Панфилов ауданаралық
Әділет басқармасының басшысы:

«ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІ БІРГЕ ӨРКЕНДЕТЕЙІК!»

Ел тарихындағы бұл күрделі ахуал Қазақстан халқына Тәуелсіздік бәрінен қымбат екенін тағы бір мәрте сезіндірді. Ел басына түскен ауыр жағдайда халықтың ғана емес, Мемлекет басшысының ерік-жігері, табандылығы сыналды. Ал оның қалай атқарылып, тұрақтылығымыз қалай сақталып қалғанын бәріміз неше күннен бері өз көзімізбен көріп отырмыз.

Халық пен билік, халық пен күштік құрылымдар қай кезде де біртұтас болуға тиіс. Полиция да, мемлекеттік қызметші де халықтың өз баласы. Халық та сол құқық қорғау органдарындағы азаматтардың өз туғаны – біреудің анасы, әкесі, бауыры, баласы. Сондықтан, қоғамда ешқашан мұндай бөлініске жол берілмеуі керек. Бүкіл мемлекеттік органдар халықтың қызметінде. Ал ел қызметі мен оның амандығы қашанда маңызды, бәрінен биік. Бұл жерде ешқандай басқа мүдде болмауы тиіс.

Мемлекет басшысының батыл қадамдарының арқасында Қазақстан өз тәуелсіздігі мен азаттығын сақтап қалды. Бірақ бұдан сабақ алатын дүние де аз болып жатқан жоқ. Ел азаматы ретінде бұл ауыр қасірет бәріміздің қабырғамызды қайыстырды. Ешкім күтпеген бейбіт шерудің түрлі арандатушылар кесірінен үлкен қантөгіске ұласқаны өкінішті. Осы дүрбелең кезінде Отанын ерлікпен қорғауға ұмтылып, қақтығыс кезінде қаза болған сарбаздар, құқық қорғаушылар мен әскери қызметкерлердің отбасы, жақындарына, бейбіт халыққа қатты қайғыра отырып көңіл айтамын. Ел басына бұндай қатер енді қайта төнбесін. Талай нәубетті бастан кешірген қазақ халқы бұл ауыр кезеңдерді де артқа тастайтынына сенеміз.

Біз мемлекеттік егемендігіміз бен территориямыздың бүтіндігіне нұқсан келтіруге жол бермейміз. Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелерін қатаң сақтайтынына сендіргім келеді» – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымының кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзінде. Мемлекеттің егемендігі мен территориямыздың бүтіндігі әрбіріміздің әуел бастағы арманымыз, аталарымыздың аманаты. Ендеше, оны қорғау жолында күшімізді біріктіріп – перзенттік парыз. Бұл мүдде жолында кез келген азамат тәуекелге, көзсіз ерлікке баратынына менің еш шүбәм жоқ. Кеше Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде де Президент осыны еске салды. «Қиын күндер артта қалды. Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін! Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жаңару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!» – деді. Сөз қалірін білетін қазақ үшін осыдан ұғынықты сөз жоқ. Жаңа кезеңдегі жаңа Қазақстанды құру жолында Мемлекет басшысының жанына топтасып, бірлесіп еңбек ету ел азаматтарының азаматтық парызы.



Жигули ДАЙРАБАЕВ,
Қазақстан фермерлері қауымдастығының
төрағасы:

«ЖАС МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ»

ҚР Президентінің осы уақытқа дейінгі елдің тұрмыс деңгейін көтеріп, мемлекеттің орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатында заң шығарушы және атқарушы биліктің қызметіне қатысты барлық айтқан маған және жасап жатқан іс-шараларының бәрін біз қолдаймыз. Осы жолы да Қасым-Жомарт Кемелұлының Парламент Мәжілісінің отырысындағы сөзін басынан аяғына дейін тыңдадым.

Мемлекет басшысы онда халық шаруашылығының барлық саласына назар аударды. Оның ішінде саяси тұрақтылық, мемлекеттілікті нығайту, тәуелсіздікті қорғау, мемлекеттік биліктің қоғам мен халық алдындағы жауапкершілігі, халықты тыңдайтын үкімет құру сияқты өзекті мәселелер де бар. Жаңа Үкімет басшысының алдына қойған нақты тапсырмалары да көпшіліктің көңілінен шыққаны күмәнсіз. Тікелей эфирден көрсетілген Мәжілістің отырысы аяқтала салысымен маған да бірнеше фермер хабарласып, Мемлекет басшысының сөйлеген сөзіне, көтерген мәселесі мен берген тапсырмаларына өздерінің ризашылығын айтты. Ауыл еңбеккерлері Президенттің ауыл шаруашылығында жүргізіп жатқан реформаларын қолдайды деп зор сеніммен айта аламын.

Мирлан ҚЫЗЫЛОВ,
запастағы полиция генерал-майоры:

«ПОЛИЦИЯҒА ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН КЕЛГЕН ЖӨН»

Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісінің соңғы отырысында құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Біз полицияның сервистік моделін құру және қылмыстық процесті жаңғырту ісінде едәуір ілгеріледік. Жаппай террорлық шабуылдарға қарсы тұруларға дайын болу керек. Күш құрылымдарының қолбасшылығы жауынгерлік машықтарды пысықтауға, қорғану мен шабуыл жасаудың тиімді құралдарымен жарақтандырылуға дереу кіріссін деді. Яғни, барлық құқық қорғау органдарының бір жүйелік бағытта қайта реформалануы болады деген сөз. Себебі, елдегі қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында шешілмеген, қордаланған сұрақтар бар. Халық арасында құқықтық идеология, мәдениет және заңға бағынушылық туралы насихаттың жоқ екендігін көріп отырмыз. Оны іске асыруда мемлекет шұғыл әрекеттер жасап, халық арасында, ЖОО мен колледждерде, мектептерде жұмыс жүргізуі тиіс. Себебі, ереуілге шыққандардың көбісі жастар екенін көрдік. Аталған жұмыстың жүйелі және нәтижелі жүргізілуіне кесірінен жастарымыз өкінішке орай арандатушы топтардың жетегінде кетті.

Президентіміз «полицияда қызмет атқару – айрықша миссия» деп полиция қызметкерлерінің антқа берік, Қазақстан халқына қызмет ететін нағыз патриоттар екенін баса айтты. Полицияның адамгершілік бейнесі орнықты, рухы мықты болмаса, ол қоғамға қауіп төндіретін зиянды әрекеттерге қарсы қауқар көрсете алмайды. Қазіргі уақытта полицияның толыққанды түлғасының үш тұғырлы негізі бар. Біріншіден, үміткер полиция мамандығына жүрек қалауымен келуі керек. Сонда ол ішкі істер қызметкерлеріне қойылатын талаптың барлығын қабылдайды. Оларды жәсіби деңгейде дайындауды – екінші тұғыр дер едік. Үшіншісі – жаңа буынды ішкі істер органдарындағы алдыңғы толқынның үздік тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрлеріне бой ұсындыру арқылы қалыптастыру.

Полицияның жаңа легін дайындауда білім мен тәрбиенің орны орасан. ИМ болашақ қызметкерлерін азаматтық ЖОО-лардан кейін емес, ерте жастан бастап тәрбиелеу қажет. ИМ бағынышты болатын полиция мектептері ашылып, жәсіби бағытта орта білім алуға қалыптастыру қажет.





Айдос САРЫМ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Айдос Әміррәулі, Мемлекет басшысының Парламентте жасаған мәлімдемесінен халық зор жаңалық күтті. Расында, Қазақстан Президентінің бұл мәлімдемесінде елдің көкейінде жүрген біраз түйткіл көтерілді. Өкінішке қарай, ел билігінің қиындыққа тура қарап, оны мойындауға, еңсеруге деген ынтасының өтеуі тым қымбатқа түсті.

– Расында осы оқиғалар елімізде қиындықтардың, қателіктердің, көптеген жылдар бойы қордаланған әлеуметтік, экономикалық мәселелердің бар екенін көрсетті. Төгілген қан айналып келгенде бізді жаңа елде оятты. Осы күндері біз мүлдем басқа жағдайда өмір сүріп жатырмыз. Енді қиылған өмір, айтылған өкпе, нала зая кетпесін десек, біз шынымен өзгеруге тырысуымыз керек. Мына жаңа заманға сай болуымыз керек.

– Десе де, көңілде әлі Мемлекет басшысы көтерген мәселелердің шешімін табатынына күдік бар. Ел түгел өзгеру үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Оның жолы біреу. Тоқсаныншы жылдары қаржы, әлеуметтік салаларда, экономикада осындай терең реформа жасалды. Сол кезде экономиканың мұнайсыз да шарықтап өскенін көрдік. Біз сондай жағдайға қайтадан келіп жатырмыз. Енді шын дамимыз десек, бізде бір ғана энергияның көзі бар. Ол – халықтың ерік-жігері, күш-қуаты. Кәсіп істеймін, табыс табамын, күні-түні еңбектенемін деген адамға мүмкіндік беру керек. Ол үшін шындық керек, әділет керек. Ол үшін сол адамдармен сөйлесе бастау керек. Президенттің айтып жатқаны осыған саяды.

Германияда Конрад Аденауэр деген саясаткер болған. Ол өмірінде 11 мың сұхбат берген екен. Осы атакты саясаткер «Мен жұмысымды адамдарға түсіндіру үшін, олардың қолдауын табу үшін әрбір неміспен жеке-жеке сөйлесуге мәжбүрмін» деген екен. Бізге де осындай амалдар керек. Мына Грузиядағы реформаны жасаған Каха Бендукидзеңің «жалпы реформаны жасау үшін үш адам керек. Бір адам – саяси шешімді қабылдап, сол үшін барлық жауапкершілікті мойнына алады. Екінші адам – осы жауапкершілікті жүзеге асыру үшін күні-түні менеджер болады, үшінші адам күні-түні БАҚ арқылы не істелініп жатқанын түсіндіреді» дейді. Бізде енді бірінші адам бар. Оған халық сенеді, одан көп нәрсені күтіп, үміттеніп отыр. Бүгінгі Президенттің айтқандарын тастай тәртіппен бірінен соң бірін жүзеге асыру керек. Сосын осыны ақпарат саласында түсіндіретін адамдар керек. Қазір оларды тағайындап жатырмыз. Олардан үлкен үміт күтіп отырмыз. Осы үш мәселе орындалса, бәрі ойдағыдай болады.

– Солай болатынына сенесіз бе?
– Сенемін. Бәріміз де сенуіміз керек. Өкінішке қарай, біздің қоғамда осы сезімнің сетінеп кеткендігінен мемлекеттің қателігіне қуанатындай деңгейге жеттік. Негативизм мен нигилизм өршіп тұр. Сен билікті жек көруің мүмкін, бірақ мемлекетті жек көруіңе болмайды ғой. Мемлекет, Тәуелсіздік – ең басты құндылық. Мемлекет басшысы айтқан шаралар іске аса бастаса жұрттың да сенімі пайда бола бастайды. Расымен оның бәрі көптен бері қордаланып, жұрттың наразылығын тудырған мәселе еді ғой. Жемқорлықпен күрес басталыпты, ананы қайтарыпты, мынаны жойыпты дегендей қоғамның сенімінен туындаған ішкі энергияны осыған жіберу керек. Жалпы, реформа нәтижелі болу үшін адамдар болып жатқан өзгерістің логикасын түсінуі, қолдау және бірге атсалысып, жүзеге асыруы керек. Осы үш нәрсе болса бізде еліміз үшін алға жылжу болады. Бүгінгі қиянат, қылмыстан сонда арыламыз. Біз осыған дайын болуымыз керек.

– Ол үшін біздің шенеуніктер сендіре білуі керек шығар. Кешегі дүмпуде халық көп әкімді таппай қалды. Елдің алдына шығатын адам болмады. Әкімдерден тек нәзік жановы болса да Гүлшара Әбдіхалықова ереуілілердің алдына шығып, оларды тыңдады. Алматы әкімінің қайда кеткені белгісіз болды. Депутаттар да «Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шаптың» керін келтіріп жатқандай.

– Қалайша ешкім болмады, өз басым төрт күн Казмедиада қонып, эфир сайын шықтым. Қазір қаншама әріптестеріміз ел алдына пікір білдіріп отыр. Жаңа-өзенге депутаттардан Еділ Жанбыршин, Талғат Мұсабаев барды. Көбіміз мына жақтағы жұмыстан шыға алмадық. Өйткені, бюджетті бекіту керек болды. Оны кім қарайды? Бұл жақта да жұмыс істейтін адам керек. Еділ Жанбыршин үш күн бойы кәсіпкерлермен, халықпен кездесіп, жергілікті билікпен арада дәнекер болды. Шынын айту керек, әкім-

дерге қатысты көп мәселе бар. Рас, Гүлшара апамыз алаңға шығып, халықпен сөйлесті. Соған батылы жетті. Шалбар киген көп әкімнен артық болды. Президент те кейбір командирлердің жұмыс орнын тастап кеткенін айтты ғой. Осы мәселе бойынша біраз адамдарға қатысты тергеу қозғалып жатыр. Отыз жылдың ішінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үш төрағасын соттаған соң не дейміз. Ең сенімді, мемлекетке жаны ашиды деген ұйымнан былықтың шығуы қасірет. Қантар қақтығысының әлі талай шындығын естиміз.

Жалпы, әрбір әкім, басқа да шенеуніктер жұртпен сөйлесуді, әрбір шешімнің бүге-шігесін ашып, түсіндіруді Президенттің тапсырмасы деп емес, өзінің азаматтық борышы, ішкі мәдениет деп қабылдау керек. Әкім шаруашылық жүргізуші емес, ол алдымен саясаткер. Сондықтан ол қоғамның ішіндегі барлық топ, ұйым өкілдерімен әңгімелесіп, оларды ымыраға келтіріп, ақылдасып, бақылаушы органдарын құрып, барлық мәселенің ашық әрі тиімді шешілуін қамтамасыз етуі керек. Егер осылай жұмыс істей бастаса, сол салада, сол аймақта жүрген азаматтарда міне бізбен санасады екен, сөзіміз өтеді екен, менің айтқаным іске асып жатыр, менің идеяларым, жобаларым қажет екен деген сенім пайда болады. Ол адам ертең мемлекетті қызметке де келеді.

– Өкінішке қарай, «Аузы қисық болса да байдың ұлы сөйлесін» деген жазылмаған қағида ұсталмады құрып тұр.

– Иә, соның салдарынан бүгінде мемлекеттік қызметтің шырайы да, оған деген қызығушылық та жоқ. Бұл – біздің қоғамның ең үлкен трагедиясы. Жалпы, әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, кез келген елді жасактайтын бес-алты кәсіп болады. Олар дәрігер, мұғалім, әскер, полиция, сот, кәсіпкер. Осы адамдар әлемде орта тапты құрап, сол елдің тыныштығын, берекесін, құндылықтарын қалыптастырады. Біздегі жағдайда осы кәсіп иелерінің барлығы қарабетті ар жақ, бер жағында. Дәрігердің бәрі ұры-қары. Мұғалім жүрген бейшара. Бізде әнші мен блогерден асқан мықты адам жоқ. Ал, олар орта тапты құрамайды, олар құндылықты қалыптастыра алмайды. Бүгін сәнде, ертең жоқ. Сондықтан бізге жоғарыдағы кәсіп иелеріне құрмет керек. Мұғалімнің мәртебесін көтердік. Қазір жақсы болсын, жаман болсын ұстаздық абыройлы кәсіпке айналып жатыр. Әкімнен көп ақша алады. Соның арқасында педагогикалық оқу орындарына түсуге ынта артты. Бүгінгі жағдай әскерге деген құрметті арттырды. Осылай барлық кәсіп иелеріне құрмет арту керек. Сонда ғана дұрыс қоғам құра аламыз, сонда ғана біздің қоғам өз құн-

дылығын өзі сақтайтын, талап ете алатын, тіпті мынандай жағдайда содырларды өзі тоқтататын дәрежеге жетеді. Бізге сондай Қазақстан құру керек.

– Сонда отыз жыл бойы қандай мемлекет құрғанбыз?

– Шынын айту керек, отыз жыл ішінде мұнай мен табиғи байлық бізді бұзып, бағыттан айырып жіберді. Кез келген мәселені сатып алуға болады деген ұғым пайда болды. Біз енді кітап оқытын адамдармыз ғой. Соңғы отыз жыл ішінде қазақ кәсіпкері деген роман оқып көрдіңіз бе? Маған мысалы Теодор Драйзерді, Айн Рэндті оқыған соң бәрін тастап, кәсіпке бару керек деген ой пайда болды. Бізде осы жазушылардың дүниелеріндей әсер ететін дүниелер бар ма? Мәселе сонда ғой. Бізде азаматтық құндылықтар жайлы кинолар түсіріліп, спектакльдер

деген қияли конспирологияны айтып шыға келеді. Бұл – қате көзқарас. Менің ойымша шынымен де формация өзгертін үлкен бір қадамдарға аяқ басып жатырмыз. Оны тек қана бес адамның немесе олигархтың тартысы деудің өзі үлкен тарихи оқиғаның маңызын ұқпау. Ол біздің қоғамдағы сыни пікірдің жоқтығынан, конспирологияға бейімдіктен, негативизм мен нигилизмге жақындықтан туындайтын мәселелер. Қоғамға сенбейміз, билікке сенбейміз, сонда кімге сенеміз? Онда блогерге сенейік!

– Телеарналардың бірінде айтқан пікіріңізде төңкеріске алып келген әлеуметтік желідегі бәзбіреулердің сөзі дедіңіз. Бұл ауыр айып емес пе?

– Иә, итермеледі. Төгілген қанның біраз бөлігі әлеуметтік желідегілердің мойнында.

– Олардың көксегені халықтың жағдайы жақсарып, елде әлеуметтік қоғамның орнауы болды ғой. Бәріміздің де тілегіміз осы. Бұл үшін кінәлау қаншалықты әділ?

– Иә, дұрыс бағытта болғандары да бар. Бірақ «барып қирату керек, төңкеру керек, мына жүйені тұқымымен құрту керек» дегендер аз болмады. Олар осы сөзі үшін жауап береді. Қаншама жылдар бойы кері пікірді қалыптастырып келген осындай адамдар. Олар мынандай дүмпу болып жатқан кезде отты үр-

шүкір, біздің айтқанымыз орындалмады, үкіметке сенуіміз керек екен» деп тәубесіне келгені жөн. Сонда біз ел боламыз. Тырнақ астынан кір іздей беретін болсақ, ешқандай жауапкершілік болмаса, түбі пәлеге әкеліп соқтырады.

– Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлыққа қатысты айтқаны бүкіл қазақстандықтың жан аярасы екені даусыз. Бұл жұмыс қалай жүру керек деп ойлайсыз?

– Қазір жүйелі қадамдар жасалып жатыр. Ең бастысы – ашықтық. Осы жылдан бастап бүкіл шенеуніктер, депутаттар кірісіне де, шығысына да декларация толтыруға кірісті. Келесі жылы кәсіпкерлер қосылады. Одан соң жаппай халық тартылады. Мысалы көлік алдыңыз ба, сіз оны салық инспекциясына барып өз табысыңызға алғаныңызды дәлелдеуіңіз керек. Немесе менен қарыз алдым деуіңіз керек. Мен де ол ақшаның қайдан алғанын көрсетуге тиіспін. Бұл бір қадамы. Екінші қадамы: жемқорлыққа қатысты заңдар қабылданып, бірнеше әлемдік конвенцияларға қол қойылды. Яғни, шетелге ақша алып кетсеңіз, сол елде оның адал еңбектің табысы екенін дәлелдейсіз. Қазақ үкіметі ұрланған ақша десе олар қайтарады. Осындай келісім бар. Әлемде жалпы коррупцияға қарсы қозғалыс басталды. Мысалы, Үндістанда жол құрылысында ұрлық орын

«ТӨГІЛГЕН ҚАННЫҢ БІР БӨЛІГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІЛЕРДІҢ МОЙНЫНДА»

лей түсті, айтқады. Солар құдайдың алдында да, заңның алдында да жауап беру керек.

– Қазір енді лаңкестер жазалануда деп жатыр. Өз талабын қою үшін шеруге шыққан бейбіт жандардың қосақ арасында кетпеуіне кепілдік бар ма?

– Тергеу жүргізіліп жатыр. Әрбір қазаға ұшыраған адам, әрбір бүлінген мүлік бойынша қылмыстық іс қозғалады. Бүгін біраз заңсыздыққа барып, дүкен тонап, көлік өртегендер ұсталды. Кімнің не істегенін айғақтайтын бейне материалдар, куәгерлер бар. Барлығының ақ-қарасы анықталып, кінәсіздер ақталып, қылмыскерлер өзіне лайықты жазасын алады деген ойдамын.

– Жаңа үкімет қаншалықты қауқарлы? Өкінішке қарай, онда өзгеріс шамалы. Қазір әлеуметтік желі

ала берген соң үкімет жолдың бойында сауда жасап отырған адамдарға жолдың қалыңдығын өлшеп, уатсап номерге лақтыруды тапсырған. Соның негізінде жолдың қай тұсына қиыршық тас салынбады деп дабыл қағылып, тексеріс жүргізіледі. Қазір осындай уатсап топтары бізде де бар. Осындай ашықтық, мүдделілік орнаса жемқорлықтың шеңбері тарылары сөзсіз.

– Президент мәлімдемесіндегі «Елбасының арқасында елде халықаралық деңгейдегі бай адамдар пайда болды» деген сөзді қалай тәпсірлер едіңіз?

– Бұл елде әділеттік орнатуға жасалған қадам. «Жігіттер, табыстарыңызды бөлісіп, Қазақстан халқына арналып ашылатын қорға салындар, соның есебінен үй салайық, көп балалы анаға қаржы берейік, ауырған баланы шетелге емдейік» деп, халықтың өзекті мәселесін шешуге шақыру. Бұл – әлемдік үрдіс. Біраз мемлекеттер осындай қадамға барған. «Сен бай екенсің» деп, түрмеге отырғызып, кәсібин жапқанда не табамыз? Байлар жақсы жұмыс істеп тұрған ісін дамытсын, бірақ пайдасын бөліссін. Пандемия кезінде қор болды ғой. Сол оқиғалардың ақшасы. Аталмыш қор да осы байлардың қаржысынан құралып, халықтың қажетіне жарайтын болады.

– Халық Мемлекет басшысы осы оқиғадан соң қазақша сөйлейді деп күтті және тілге қатысты бір ұстаным айтылатынына сенімді болып еді. Алайда...

– Біз енді қанша пайыз қазақша сөйлегенін айтып, майда-шүйдіге дейін бармай-ақ қояйықшы. Ең бастысы мәлімдеме халыққа түсінікті, рухты болды, халық қолдап отыр. Сізге қазақша айтылғаны керек пе, шындықтың айтылғаны керек пе? Мәселенің шешілуі керек пе, тілдік пайыз керек пе? Елде орыс та бар, басқа да бар, әлем де қарап отыр. Сондықтан кішкене рационалға, прагматикалық тұрғыда ойлануға болады ғой. Бізге осы жетпей жатыр. Майда-шүйдіге назар аударамыз да, басқа мәселелерді шешуді ойламаймыз. Қазақ тілінің мәселесін шешетін өзіміздің қазақ. Мына жерде үлкен саясат жатыр. Жағдайды түсінейік.

– Парламент тарасын деген пікірлер де айтылуда...

– Қазір Парламентті тарату тиімсіз. Өйткені, реформаларды жүзеге асыру үшін заңдарды қабылдау керек. Жалпы, әлемде төтенше жағдай өткеннен кейін алты айға дейін сайлау өткізуге тыйым бар. Өйткені, қорыққан адамның қалай дауыс беретіні белгілі.

Жалпы, әрбір әкім, басқа да шенеуніктер жұртпен сөйлесуді, әрбір шешімнің бүге-шігесін ашып, түсіндіруді Президенттің тапсырмасы деп емес, өзінің азаматтық борышы, ішкі мәдениет деп қабылдау керек. Әкім шаруашылық жүргізуші емес, ол алдымен саясаткер.

қойылу керек. Кеше Алматы қаласында дүкендер өртеліп, тоналды. Сонда Абай көшесінде тұрған кітап дүкеніне ешкім тиіспепті. Мен таңғалып, бұл сол топтардың ішінде кітап оқытын адамның болмағанының көрінісі дедім. Расында рухани бай адам ешқашан басбұзарлыққа бармас еді. Сол сияқты кітап оқу мәдениеті, елге ақыл айтатын ақсақалдар да қалмады. Жұрт тындайтын адам жоқ. Біз шындықтан айырылып қалдық. Шындықтан айырылғанда осындай жағдай орын алады. Қазір енді шындықты шырықатып айтатын кез.

– Бұған кім айыпты?

– Мен бұған қоғам да кінәлі, билік те кінәлі дер едім.

– Қоғам неге кінәлі?

– Өйткені, қоғам сайлауға қатысып, митинг жасап билікті қалыптастырады.

– Митингке шығудың ақыры осылай болып жатса, не істейді қоғам?

– Оның да тәртібі, мәдениеті бар ғой.

– Бейбіт түрде тұрды ғой, шерушілер ешкімге тиіскен жоқ. Мұны кланаралық қақтығыс, диктаторлардың тұяқ серпегі деп жатқандарға не айтасыз?

– Ол енді саяси спекуляция. Жана айттым ғой, біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Мұны тек кландардың тартысы деп айту – тарихи өзгерістерді, болып жатқан оқиғаларды ұқпау, мүлде түсінбеу деген сөз. Бізде бірдене болса пәленшенің адамы, түгеншенің мүддесі

қоғамдық пікірдің көзі болып тұр ғой. Оноағы қауымның жаңа құрама көңілі толды деп айта алмаймын.

– Әлеуметтік желіге қарамау керек қазір. Өйткені, ол әлі Қазақстандағы халық емес. Халықтың көбі интернетте отырған жоқ. Олар тыныштықты қалап, қарапайым өмір сүріп жүр. Күнде танертең шығып жұмысқа барып, дүкеннен азық-түлік алғысы келеді. Бала-шағасын дұрыс тәрбиелегісі келеді. Фейсбуктегі 50-60 мың адамның әңгімесін бүкіл ұлтқа тану қаншалықты дұрыс? Мен осылай санаймын. Фейсбук – Қазақстан емес. Қазақстанның тағдыры, өзекті мәселесі фейсбукта шешіліп жатқан жоқ.

– Жақсы, сонымен Президент көтерген мәселелерге келсек. Көптің көкейінде сыздап жүрген біраз жайт қозғалды. Соның бірі екі күннен кейін сырттан келген әскер қыштарыла бастайды деді. Бұл қаншалықты шындыққа жанасады?

– Иә, солай болады. Осы мәселеге қатысты қаншама адам аттандап, «Қазақстанды орыс жаулап алды, енді ел болмаймыз» деп қара аспанды төндірді. Енді солар кешірім сұрасын. Қателескен адам қателігін мойындау керек ғой. «Менің болжамым орындалмады. Құдайға шүкір елден Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының әскері кетіп жатыр» деп тым болмаса елді дүрліктерден өзінгі аудиториясының алдында кешірім сұрау керек. «Құдайға

САРАП

ҚЫЛЫМСТАР ТҮРЛІ МАҚСАТТА ЖАСАЛАДЫ. КЕЙБІР АДАМДАР ПАЙДАКҮНЕМДІК МАҚСАТТЫ КӨЗДЕП ЗАҢНАН АТАСА, КӨЙБІРІ ТІРШІЛІКТІҢ ҚАМЫ ҮШІН ШЕКТЕН ШЫҒЫП ЖАТАДЫ. ОЛ ҚЫЛЫМ, ӘСІРЕ-СЕ БАЛАҒА ҚАТЫСТЫ БОЛҒАНДА КӨҢІЛІН ТІПТІ ҚҰЛАЗИДЫ.

Қазіргі уақытта төрткіл дүниеде ата-аналар мен өзге де ересектердің балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетуі, оларды агрессияға тартуы, кәмелетке толмағандарға жыныстық, эмоционалды және физиологиялық зорлық-зомбылық көрсетуі үлкен проблемаға айналып отыр. Қазақстанда да бұл жағдай ауыр, өйткені балалар мен жастар тәрбиесі үнемі реформалау талаптарымен жүзеге асуда, яғни білім беру мекемелерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, жастар және балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметтері және жас буынның барлық әлеуметтік өмірі өзгеріп отырады. Қоғамның әлеуметтік жіктелуі, өмір деңгейінің төмендеуі, халықтың құқықтық, моральдық, экономикалық қорғалмауы адамдар арасындағы қатыгестіктерді күшейтті, әсіресе отбасылар өміріндегі тұрақсыздық жас буынға кері әсер етті.

Әрбір сәби үшін ең қауіпсіз орын – оның үйі, отбасы. Өйткені бала көңілі осы жерде мені жақсы көретін, маған қамқор болатын, қорғайтын адамдар тұрады деп ойлайды. Өкінішке қарай, балалар өз үйінде қамқорлықты сезе алмай, керісінше жәбір көріп, соққыны құрбанына айналып жататын жайттар жиі кездеседі. Айталық Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шаған ауылында орын алған қылмыс туралы республикалық БАҚ-та жарияланған ақпарат көпшілікті дүр сілкіндірді. Жас балаларды әкесі және оның досы зорлаған дегенді естігенде кімнің болса да жүрегі ауыратындығы анық.

Зорлық-зомбылыққа қатысты фактілерді анық-қанығы зерттелмей жатып БАҚ-та жариялау құқыққа сыйымсыз. Себебі, ешбір адам соттың заңды күшіне енген үкімінсіз кінәлі деп саналмайды. Сотта зерделену барысында БАҚ-та жарияланған мәліметтердің шындыққа жанаспайтындығы расталды. Сараптама қорытындылары жас баланың ешқандай жыныстық сипаттағы зорлаудың құрбаны болмағандығын бекітті. Республика көлеміне тарайтын арналарда дәлелденбеген фактілер туралы айту жәбірленуші жас балаға да психологиялық тұрғыдан зардабын тигізуі мүмкін.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасалуының себептері көбіне, әлеуметтік тұрақсыздық, отбасы құндылығының сақталмауы, жасалған



БАЛА БОЛАШАҒЫНА БАЛТА ШАБУ – ҚИЯНАТ

әрекеттің құқықтық салдарын білмеу, жалпы жұрт таныған моральдық, этикалық нормалардың сақталмауына байланысты болады.

Адамзаттың баланың құқықтық мәртебесін мойындау қозғалысы ұзақ болды және әрбір жеке елде өзіндік серпінге ие еді. 1924 жылы Ұлт лигасының Баланың құқықтары туралы Женев декларациясын қабылдауын осы процестегі елеулі жағдай деп есептеуге болады. Содан соң 1959 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы Бала құқықтары декларациясын қабылдап, 1979 жыл «Халықаралық балалар жылы» деп жарияланды және он жылдан соң ғана 1989 жылғы 20 қарашада Бас Ассамблеяның 44/75 қарарымен Баланың құқықтары туралы конвенция қабылданып, 1990 жылғы 2 қыркүйекте күшіне енді. Осы уақытқа дейін балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін бірқатар халықаралық заңнамалық құжаттар әзірленіп, қабылданды.

Балалардың құқықтық мәртебесін дамытудың Қазақстанда да өз тарихы бар. Бала құқықтарының қазіргі тарихы 1994 жылы Қазақстанда Балалар құқықтары туралы конвенцияны ратификациялаудан басталады. Қазақстан бұрынғы кеңестік елдер кеңістігінде алғашқылардың бірі болып Конвенцияға қосылды және оны ратификациялады. Бүгінге дейін

коркыншытысы ол жыныстық тиіспеушілікке қатысты жасалатыны.

Әлем бойынша жылына 1 млрд-қа жуық кәмелетке толмаған бала эмоционалды, сексуалдық, физикалық зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен. Бұл сан жер бетіндегі екі жастан он-сегіз жасқа дейінгі балалардың тең жартысынан да көп. ЮНИСЕФ және адам құқықтары жөніндегі өкілдіктің Қазақстандағы 2016 жылғы зерттеуіне сүйенсек, еліміздегі ересектердің 75%-ы баласын тәртіпке салуда күш қолданады екен. 2015 жылғы комитет статистикасына сүйенсек, елімізде 14 жасқа дейінгі балалардың 53%-ы отбасында психологиялық агрессияның куәсі болып, ата-анасынан таяқ жеген. 2010 жылы бұл көрсеткіш 49% болған.

Шын мәнінде кәмелетке толмағандарға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық дегеніміз не? Бұл сексуалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін баламен кез келген байланысуды және әрекеттесуді айтады. Статистика бойынша, әлемде 2 минут сайын 1 бала

Жәудір көз сәбилердің болашағына балта шабу – үлкен қиянат. Мұндайдың алдын алу баршамыздың алдымыздағы міндет. Мұндай қылмысты тоқтатпасақ, ел дамуы тежеледі. Адамзат құндылығы аяққа тапталады. Арсыз әрекеттерден арылу үшін ұлттық тұғырымызды бекітуіміз қажет. Оған мемлекеттік деңгейде мән берілуі тиіс.

Алдымен отбасы институтын жаңғырту, яғни отбасындағы бала тәрбиесі, ата-ананың баланың болашағына зор жауапкершілікпен қарауы, балалардың бос уақытта тиімді нәрселермен айналысуына жағдай жасау оның жан дүниесіне үлкен, араласатын ортасы туралы білу, оны әрдайым қадағалап отыру және қандай жағдай болмасын ата-анасынан ешнәрсені жасырмай шындықты айтуға баулу қажет. Мемлекеттік емес ұйымдар мен азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру, яғни жас балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы тұру мәдениеті қалыптасуы, қоғамның оған енжар қарамауы, еліміздің болашағы – балаларға деген

жыныстық зорлық-зомбылық көреді екен. Әрбір үшінші қыз 18-ге толғанша осындай жыныстық тиісуге ұшырайды. Оны, әрине құрғақ санмен өлшеу орынсыз. Әрбір жағдай – қоғам үшін үлкен трагедия, отбасына түскен қайғы-қасірет, баланың жанына және оның ата-анасының жанына салынған жазылмас жара.

Жас ұрпақты қорғаудың маңызды бағыттарының бірі – кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғау. Балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық қатаң түрде тоқтатылуы тиіс бұған жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін жауаптылық шараларын күшейту дәлел болып отыр. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясы қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, қылмыстық кодексте жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс үшін жәбірленушімен татуласуға байланысты істі тоқтатуға, шартты түрде соттауға заңнамалық түрде тыйым салынған.

Заңнамалық тұрғыда жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстарға жаза қатаңдатылғанымен де, өкінішке орай, қылмыстар саны азаймай отыр. Бұл ел мүддесі, ұлт тағдыры, ұрпақ болашағы үшін зор қауіп. Жас балалар – еліміздің болашағы.

әрбір адамның жанашырлығын қалыптастыру бұқаралық сипат алуы тиіс.

Құқықтық ағарту және ақпараттық насихаттық жұмыстарды жетілдіру, яғни, жеткіншектердің үлкендердің қарауына жүріп қалуы тиіс екенін, сабилерді бөгде адамдардың құрсауынан құтқарған адамдарды көтермелеу, мектеп оқушыларының ата-анасының рұқсатынсыз түнгі уақытта немесе белгіленбеген орында жүруінің құқықтық салдары туралы, қауіп төнген жағдайда қайда және қалай хабарласуы керек екендігі туралы ақпарат барлық адамға қолжетімді әрі түсінікті болуы керек. Мемлекеттік органдардың қызметін балаларды қорғауға бағыттау, азаматтардың бала құқығын қорғауға қатысты жауапкершілігін арттыру қажет. Сонғы он жылда балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында көптеген жұмыс атқарылды және жылдан-жылға бала құқығын қорғау жүйесі жетілдіріліп келеді. Бала өзінің физикалық және ақыл-ойының толық жетілмеуіне байланысты туғанға дейін де туғаннан кейін де арнайы қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж.

ДАЛИЕВ,
Қызылорда облысы бойынша қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек туралы заңды қолдану, бұрын қызметкер (қызметкердің өкілі) мен жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілі) арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың орындалуы туралы алауыздықтар еңбек даулары деп танылады.

Еңбек дауларын туғызатын жағдайлар әртүрлі. Бұл объективтік сипаттағы факторлар болуы мүмкін: нарықтық экономикаға көшу, мемлекеттік меншікті жекешелендіруге, жекелеген кәсіпорындардағы өндірістің жағдайына және соған байланысты қызметкерлердің жұмыстан босатылуына орай, республикада қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан; меншік иесінің (жұмыс беруші) кәсіпорындарда (ұйымда) ауысуы және басқалар.

Ал субъективтік сипаттағы себептер: өндірістің ұйымдастырылуы, қызметкерлердің бірлесіп еңбек ету мүддесін қамтамасыз ететін өкілшілік-басқару аппаратындағы адамдардың қатынастары, біліктілігі; кәсіпорындардың басшы құрамының еңбек заңы саласындағы құқықтық даярлығының жеткіліксіздігі; жалдамалы қызметкерлердің құқықтық санасының төмендігі, өздерінің еңбек құқықтары мен міндеттерін жетік білмейтін қызметкерлердің жұмыс берушіге негізсіз талаптар қоятындығы.

Еңбек дауларының жеке және ұжымдық талап қоятын және талап қоймайтын түрлері болады. Жеке еңбек даулары өздерінің бұзылған еңбек құқықтарын тану немесе қалпына келтіру туралы жұмыс берушіге талап

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНДА СУБЪЕКТИВТІ СЕБЕП КӨП

қоятын жекелеген қызметкерлердің бастамасы бойынша туындайды.

Ұжымдық еңбек даулары (жанжалдары) еңбек ұжымдарының (бөлімшелер ұжымдарының), өкілетті қызметкерлердің, өкілді органдар мен жұмыс берушінің немесе басқарумен салалық (салааралық) органдарының арасында еңбек туралы қолданылып жүрген заңдарды қолдану, қызметшілер үшін жана еңбек және тұрмыстық әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туғызу немесе қазіргілерін өзгерту жөнінде ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасу және оларда көзделген шарттарды орындау мәселелері жөнінде туындайды.

Талап қоятын еңбек даулары еңбек туралы заңды, ұжымдық шарттар мен өзге де еңбек туралы келісімдерді қолдану жөніндегі алауыздықтарды шешуге байланысты болады. Бұл жағдайда дауласушы қызметкер өзінің бұзылған құқығын тану немесе оны қалпына келтіру туралы талап қояды. Талаптық сипаты бар еңбек даулары көбінесе жеке адамдардың даулары болып келеді. Талап қоймайтын сипаттағы еңбек даулары жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Ұжымдық еңбек даулары (жанжалдар) талап қоймаушылық сипатта болып келеді және айрықша тәртіппен қаралады (әлеуметтік-еңбек қатынастарын

реттеу жөніндегі үш жақты комиссия). Ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдар) шешудің негізгі қағидаттары мыналар:

- тараптардың тең құқықтылығы;
 - дауды қарау рәсімінің келістірушілік-серіктестік сипаты;
 - әлеуметтік-еңбек қатынастарын қарайтын комиссияда тараптар өкілдерінің тең құқықтылығы;
 - қабылданған шешімдердің дауласушы жақтар үшін міндеттілік сипаты;
 - қабылданған шағымдану жөніндегі кассациялық инстанцияның болмауы.
- Еңбек дауларын шешуге жауапты ұйымдар
- Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Тараптардың келісімі бойынша еңбек даулары жоғары органдарда қаралуы мүмкін. Талап қоюшылық сипаты бар жеке еңбек дауларын шешудің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады:
- а) еңбек дауының келістіру комиссиясында немесе сотта қаралуы мүмкін – бұл жалпы тәртіп. Бұл тәртіп дауды шешудің рәсімінде бір жақтың қалауын қарайды. Екі жақтың келісіміне қол жеткен жағдайда еңбек дауын келістіру комиссиясының қарауы мүмкін. Еңбек дауының сот тәртібімен шешілуі бұған балама болып табылады.
 - ә) қызметкерлердің белгілі бір топ-

тарының еңбек даулары белгіленген арнаулы іс жүргізу ережелері арқылы қаралатын айрықша тәртіп.

Екі жақтың келісімі бойынша еңбек даулары келістіру комиссиясында қаралуы мүмкін. Келістіру комиссиясы екі жақтың бірлескен шешіміне орай, жұмыс беруші мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен теңдік жағдайында құрылады. Жұмыс берушінің өкілдерін ұйымның басшысы тағайындайды және ол тиісті бұйрықпен бекітіледі. Қызметкерлердің өкілдері келістіру комиссиясына ұйымның жалпы жиналысында (конференцияда) сайланады. Келістіру комиссиясы өз құрамынан комиссияның төрағасы мен хатшысын сайлайды.

Келістіру комиссиясы еңбек дауын қызметкердің арызы келіп түскен күннен бастап үш күн мерзім ішінде қарайды. Белгіленген мерзім арыз түскен күннің ертеңінен бастап есептеледі. Қызметкердің арызын қарау нәтижесі бойынша келістіру комиссиясы шешім қабылдайды және ол шағымданушыға беріледі. Шағымданушының талаптарын қанағаттандыруға келістіру комиссиясының шешімін қарсы жақ үш күн мерзім ішінде орындайды. Егер комиссияның шешімі қызметкердің талаптарын қанағаттандырмаса, онда еңбек дауы сот тәртібімен қаралады.

Аудандық (қалалық) соттар қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы келіспеушіліктерді шешу үшін шағымдана алатын еңбек дауларын қарау жөніндегі дербес органдар болып табылады.

Еңбек дауы жөніндегі келістіру комиссиясының шешімін қайта қарау өкілеттігі сотқа берілмеген.

Сотта тікелей кәсіпорындар (ұйымдар) қызметкерлерінің арызы бойынша келістіру комиссиясында алауыздықтар қаралмаған еңбек даулары, сондай-ақ шаруа қожалықтарында жеке еңбек шарттары бойынша жұмыс істейтін адамдардың арыздары бойынша еңбек даулары қаралады. Соттар қызметкерлердің кәсіпорында (ұйымға) немесе кәсіпорынның қызметкерге келтірген зияндарының орнын толтыру жөніндегі арызы бойынша дауларды қарауды тікелей өз іс жүргізуіне қабылдайды. Соттар сондай-ақ шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік ұйымдардың (заңды тұлғалар), шетелдер қатысатын ұйымдардың еңбектік құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар бойынша талаптарды да қарайды.

Альмира АБИЛОВА,
Көкшетау қалалық сотының жетекші маманы

БЕЗБЕН

КЕЛЕЛІ СӨЗГЕ ТОҚТАТУ – КЕШЕНДІ ҚАДАМ

Еліміздің жаңа тарихи дәуірінде зайырлы, заң мен құқықты басшылыққа алатын жаңа тұрпаттағы қоғам құруға бет бұрдық. Қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында түбірлі өзгерістер жасалды. Әр саланың мүддесіне орай жаңа міндеттер мен мақсаттар туындап, олар шынайы халықтық сипат алуымен ерекшеленді.

Еліміздегі қалыптасып үлгерген осындай жаңа қоғамдық қатынастардың жаңғыртушы күші қай салада болмасын тың талаптарды алға тартуда. Мұндай оң өзгерістер қазіргі қоғамға қажетті салаларда сөйлей білу өнеріне де өзінің игі әсерін тигізбей қоймағаны анық. Өйткені, сөйлеу өнерінің түрлі қызмет саласындағы қажеттілігі, қасқалдақтың қанындай құндылығы күн сайын арта түсуде.

Адам өмірінің құндылығын, еркіндігін, құқығын алтын арқау, темір қазығына айналдырған халықтық демократия құнарлы игіліктерді тудырып қана қоймай, қоғамның бұрын байқалмаған көлеңкелі жақтарын да кілегейдей алдыңғы қатарға шығарды. Шындықты қанша жасырғанмен тұмсығын көрсетпей қоймайтынындай, босансу мен токмейлуді көтермейтін ұршықтай зырылдаған, екпіні мен тепкіні қатты бүгінгідей мейлінше талабы қатал кезеңнің алмағайып қиындыктарынан, өмірдің қос қыртысты қат-қабат шытырман оқиғаларынан, аласапыран идеялық көзқарастардың әсер етуінен жүйкесі әбден тозған әлжуаз адамдардың безбүйрек, тесік өкпе болып, әр қилы бейәрекеттерге барып жататыны да жасырын емес. Өмірдің қайнаған қазанынан алынды дейтін осы тектес келеңсіз құбылыстардың талай кинофильмдер сюжетіне айналып, баспасөз беттерінде ашық, еркін сөзетілуі де өз ықпалын тигізбей қоймайтынын ашық мойындаған ләзім.

Күшпен емес, сөзбен шешуді керек ететін мұндай сан алуан жағдаяттар саясат кеңістігінде, сауда-саттық саласында, әскери операциялар мен ішкі істер органдары қызметінде, тіпті отбасы жағдайларында да жиі көрініс беріп калып жүр. Өмірдің қиындықтары

тығырыққа тіреген, қылп-қылп еткен ақ алмастың жүзінде жалаңақ жүргендей тірліктен түңіліп, тағдырына налыған адам аффект үстінде көзсіз тәуекелге барары сөзсіз. «Себепсіз зорлық-зомбылық, қағажу-қорлық көрдім, тілек-өтінішімді қанағаттандырмады» деп, жазығы жоқ бейкүнә адамдарды кепілдікке алу, жарық дүниені тәрк етіп, өзгенің де, өзінің де өмірін киноға бейім түру, құқыққа қайшы қоғамдық қатынастарға қолсұғуға даярлық, секілді келеңсіз құбылыстар із суытпай шешімін табуы қажет етеді. Мұндайдың алдын алудың бірден-бір тура жолы – істі насырға шаптырмай келіссөз жүргізу арқылы сол бойда шешу.

Бір ғана мысал, Алматыдағы дүрбелең кезінде бүлікшілер еліміздің Орталық музейіне шабуыл жасаған. Музей басшысының орынбасары: «Исламмен сағат 16 кезінде екі жүздей адам ғимаратқа кірді. Жүргіріп алдарынан шықтым. Барлығы дерлік жастар. Сөзге тоқтамай, электронды құрылғыларды қирата бастады. Бар даусыммен айқайлап, ештеңеге тиіспеулерін өтіндім. Арасында біреулері менің сөзімді естіп, қалғанына тоқтау салды. Оларға: «Бұл заттардың барлығы – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Сындырмаңыздаршы, бұларды өрттесек, біздің тарихымызда ештеңе қалмайды. Ертеңгі күні сіздерге керек болады ғой» деген сөзімді кейбірі тыңдады» – дейді. Мұнда музей басшысы көңілге жететіндей ең қажетті, негізгі сөздерді айтқан.

Келіссөз жүргізе алу шеберлігінің қажеттілігі осыдан айқын байқалады. Келіссөз жүргізу өнері адамның бейәрекет ісіне, мезгіліне, жынысына, жасына, әр саладағы қызметтік жағдайына байланысты жіктеледі. Тосын оқиғаларда келіссөз жүргізу ісіне, ең алдымен,

кінәлі бейәрекетке барған адамның қызмет істейтін саласында белгілі бір білімі бар, болған оқиға-жайтқа қанық, сол адамның мінез-құлқындағы өзгешелік, ерекшелік қырлары етене жақсы білетін немесе отбасылық, ағайын-туыс жақындығы бар, бір сөзбен айтқанда, жауапты сәтте өз әсер-ықпалын тигізе алау деген беделді, епті, тымар адам таңдалып алынады. Бірінші кезекте оның қоғамға жат, теріс қылықты іс-әрекетке барған адамның қимыл-сырынын астарына үніліп, сол сәттегі көңіл-күйінің қалпын алдын ала аңдап алғаны абзал болмақ. Адам жанының нәзік қырларына жетік психолог-дәрігерлер арқылы ақыл-кеңес алып үлгерсе, құбылға. Мұндайда көңілге қонымды, жүрекке тез жетер арқауы нық, соқырға таяқ ұстатқандай дәлелді де дәйекті, тайға таңба басқандай анық та айқын, мағыналы да салмақты, құлыпты ашар кілт сықылды уәжді сөздер барынша ескіліп, қырланып, таңдалып айтылуы тиіс.

Қойнына сапын тыққан кісіпердей ашынған адамның көкейін тескен түйткіл, жеке бастың өкпе-назы, ішін удай ашытқан себеп түйінін ыдырату мақсатында айтылар әрбір әңгіме ауаны ертең-ақ бармақ шайнағар бейберекет істің қапыда жасалған өрескел қателігіне көзін жеткізер уәжде құрылғаны дұрыс. Қызығы таусылмас ғұмырдың тәттілігі, алдағы күннің мәнділігі туралы айтылған аз сөздің көп мағына беретіндей, айналасы ықшам да шымыр, жадау тартқан көңілге жылт етіп жылуын құяр үміт сәулесіндей, еріксіз иландырап тиянақты да дәлелді болғаны ләзім.

Қызмет саласына қарай белгілі бір атаулы сөздерді қолдану әлдеқайда тиімді әрі қонымды келеді. Мәселен, лаңкестермен келіссөз жүргізуде мақсатты түрде төмендегідей ұйымдастыру-тактикалық және психологиялық әсер ету тәсілдерін қолдану керек:

– ең алдымен нақты жедел жағдайды анықтап алмай, еш жоспарсыз қылмыскерлермен сөйлесуге әсте болмайды;

– кепілге алынғандарды босатуға байланысты дәйектер мен хабарларға қатысы бар немесе қандай да бір себептермен қылмыскерлерге сенімсіздік тудырған адамдарға келіссөз жүргізу тапсырылмайды;

– қылмыскердің жеке бейнесін де есепке алу керек. Мәселен, заңдағы ұры полицияға өз еркімен берілмейді, ол өліммен тең;

– әлеуметтік мәртебесі тең жеке тұлғалар өзара тиімді шешімдерді тез табатынын ескере отырып, келіссөз жүргізуге тиісті адамдарды таңдау қажет;

– келіссөзге баратын адамның сыртқы келбетінде қылмыскерлердің ашуын, тітіркенуін тудыратын немесе жүйкесін жұқартатын белгілердің болмауын есепке алу керек (бұл жасына, жынысына, сырт келбетіне, киіміне т.б., қатысты);

– қылмыскерлермен келіссөздің бітімгершілікпен аяқталуын, олай болмаған жағдайда кепілдегі адамдардың өліміне әкелетін жағдайға дейінгі жанжалдың тууын болдырмау ескеріледі;

– қылмыскерлермен әрбір қимылда және әңгімелесуде онтайлы сәттерді таба білу керек;

– қылмыскердің келеңсіз әрекеттерге баратынына анық көз жеткізсеңіз де, түйінді шешу әрекеттерін жалғастыра беру керек;

– талаптарыңызды ең төменгі шекке дейін қысқартқанда, басты жайтты жіберіп алмау керек, яғни сіз заңға қайшы талаптарды орындай алмайсыз, алайда кепілдегі адамдардың өмірін сақтау сияқты шектік қажеттілік туындаса ғана ол шарттарды орындауға құқығыңыз бар;

– батылдығыңыз бен сенімділігіңізді сақтай білу керек, өзіңізді босансытып алу – жеңілумен бірдей;

– қылмыскерлерге мүмкіндігінше бар шындықты жасырмай жайып салған дұрыс, сонда бұрын берілген жалған ақпарат пен жаңа ақпаратты келістіріп, ойластырудың қажеті болмайды;

– келіссөздің мейлінше созылып кетуі кепілдегі адамдардың қаза болу мүмкіндігін арттыра түсетінін ескеру керек;

– көбіне оң нәтиже бетпе-бет сөйлесуде болады, қылмыскермен тікелей байланыста болуға келісіп, соған көндіру керек, бірақ бір мезгілде бірнеше қылмыскермен және бөтен адамдардың көзінше келіссөз жүргізуден бас тартқан жөн;

– қылмыскердің тіл тигізгеніне және басқа да эмоциялық көріністеріне мән бермеу ләзім;

– қылмыскерді әрқашан мұқият тыңдап, оның нендей талап қойғанын түсінгеніңізді баяндап отыру қажет;

– қылмыскерге айтылған сөздің мағынасы жететіндей сөйлеп, бос уәде бермеген жөн;

– келіссөздерді нақты, бірақ тиімді жүргізу керек;

– келіссөз кезінде күш көрсету тиімсіз;

– талаптарды орындауда қылмыскерлер айтқан шектік уақытты белгілеуден бас тарту олардың қарсылықты күшейте түсуін туындатып, «шығуы қиын тығырыққа тірелдік» деп ойлауына мүмкіндік береді;

– қылмыскермен қайтадан келіссөз жүргізуді мүмкіндігінше біраз уақыт өткен соң, яғни өз-өзіне келіп, тынышталғаннан кейін қайта бастаған жөн;

– кепілдікке алған адамдармен келіссөз жүргізу – ізгілікті іс болғанымен, психологиялық және кәсіби тұрғыдан дайындықтан өткен адамның ғана қолынан келетін мейлінше қиын іс екенін ескеру керек;

– лаңкестермен келіссөз жүргізуге психологиялық байланысты тудыру тәсілдерін қолданған дұрыс;

– келіссөз барысында ата-аналарын, достарын, әріптестерін, жақын ағайындарын пайдаланған жөн.

Түйіндей келгенде, келіссөз жүргізу шеберлігінің жай-жапсары өмір мен тіл өнерінің диалектикалық қарым-қатынасы тұрғысында, қоғамдағы ойып алар өзіндік орыны, шеберлік сипаттары, алуан-алуан теориялық, тәжірибелік маңызы бар түбегейлі шешімін табуы керек ететін күн тәртібінде тұрған келісі міндеттердің бірі. Шешендіктің бүл түрінің этикалық, эстетикалық тұжырымдармен байытылуы, жаңа заман игілігіне жарату шаралары арқылы жүзеге асырылуы кезегін күттірмейтін келеді іс. Кінәлі, бейәрекетке барған адаммен келіссөз жүргізу кезінде лаңкестерге қатысты ұйымдастыру-тактикалық және психологиялық әсер ету тәсілдері барлық дерлік елдерде тәжірибеде әрі ғылыми негізде ойластырылууда. Біздікі бұл тараптағы көп ізденістің бірі ғана.

Елеужан СЕРІМОВ,
«Болашақ» академиясының
қызметкері,
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

ТАРАТУ

3. «Karin & Go» ЖШС, БСН 180140036950, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Амангелді ж.м., Рудненская көшесі, 10 үй, 12 пәтер.

7. «КАРСТ-1» ЖШС, БСН 020640005293 (Алматы қаласы, «Көктем-3» шағынауданы, 5/6 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Алмас» шағын ауданы, 44 үй. Тел.: 87073396292.

8. «100 нақты қадам» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН 170640028420, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаззақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қызылқұм ауылы, М.Мәметова көшесі, 19 үй. Тел.: 87023435520.

11. «ЖК Верный» ЖШС, БСН 180840027263, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Таугүл-2» шағын ауданы, 13 үй. Тел.: 87076887749.

БАНКРОТТЫҚ

4. Қарағанды облысының МАЭС сотында «Қарағанда Food Trade» ЖШС БСН120240011978 банкроттығы туралы іс қозғалды.

ӨРТҮРЛІ

5. ШКО МАЭ сотының 31.12.2021 ж. ұйғарымымен «Производственное объединение «Сборного железобетона» БСН 941040001213 ЖШС, қатысты оңалту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды. Кредиторлардан талаптар ШКО, Семей қ., Батыс өнеркәсіп орталығы 116/2, тел. 8-777-543-03-83 мекенжайы бойынша қабылданады.

6. «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қостанай облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі ұйымы, БСН 05074009949, өзінің «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің қайта құрылуы туралы хабарлайды БСН 180840021531. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Байтұрсынов көшесі, 67 үй, 335 кабинет. Шағымдар 2 (екі) ай ішінде қабылданады.

10. «Шығыс-энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес 2022 жылғы 15 ақпанда сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығыс-энерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2022 жылғы 15 ақпанда аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2022 жылғы 14 ақпандағы жағдайы бойынша жасалады.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген: «Шығыс-энерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы. Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2022 жылғы 1 наурыз.

Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығыс-энерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшінов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawa_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Телле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

(Соңы. Басы өткен санында)

О л кезде Бұжырбет аудандағы атақты барымташының бірі еді, Мойынқұмдағы алыс қыстаулардан үйірлеп жылқы әкеліп базарға салатын Бұжырбеттің қолы ашық, ақкөңіл жан сияқты көрінген. «Бауырым, мынау шоталың», – деп жас учаскойдың қолына үнемі бірекі жылқының құнын тастап кететін. Алғашында шошынып алмаған еді, «маған сенің еш көмегің қажет емес, менің сенен басқа араласатын кісілерім жеткілікті және олар облысты басқарып отыр, мұны ағалық көмек деп қабылда», – деп іші-бауырына кірген соң, пенде емес пе бас тарға алмаған. Шынында жағдайы да жетісіп тұрған жоқ қой, совхоздың екі бөлмелі үйінің жартысында тұратын жас полицейдің айлығы асынан аспайтын, жолдасы екеуі еденде жатады, жөнді төсек орын да жоқ. Үйіне келіп шай ішіп жүрген Бұжырбет бірде «келін екеуінің жерде жатқанын ұят екен, үйіне жөні түзу төсек орын алу» деп екі жылқының құнын ұстатқанда көңілі босап, осы Бұжырбетті шын жақсы көрген. Тіпті екі кісілік төсегін жуып отырып, «мен сізге өкіл іні болайын» деп айтып салған. Бұжырбет те әккі емес пе, орнынан тұрып жыламысырап, жалғыздығын, көп жылдан бері ажырасып кеткен әйелін, облыс орталығында интернатта жатқан балаларын айтып, кемсеңдеп бұны бауырына басты, өле-өлгенше өзінің тілеуінді тілеп өтемін, өкіл іні емес, шын балам боласын», – деп күлсіра құшақтаған.

Жағдайы түзеліп қондырып алған Жармаковтың аты енді ауданда да белгілі таныс бола бастаған. Бірде өзіне шақырған Құрманов «сені ұрылармен ауыз жаласып жүр деген ақпарат бар, өткенде ішкі қауіпсіздік басқармасынан келгендерді зорға қайтардың», – деп бетіне сықсия қараған. Және өңінде не ашу, не ыза табы жоқ, біртүрлі күлімсіреп отырғандай болды, Жармаков не жауап берерін білмей, тұла бойын қорқыныш билеп, аңтарылып бастығына қараған еді, телефон шыдыры сөйлеуге мұрша бермеді. Бастығы иегімен есікті нұсқаған соң, жылыстап кабинеттен шыға жөнелген. Біраздан соң бастықтың шақыруымен тізесі дірілдеп ішке енген Жармаков сүлк тұрып, бастық не үкім айтады деп жалтақтап тұрған еді.

– Облыстағы бастықтардың тамағын тауып береміз деп жалақымызды да алмайтын болдық, соғым сұратып жағыр, не істейміз, – деп бастығы бұған сығыра қараған, ол елпек қағып, «оның жарасы жеңіл ғой, бәсеке, тек менің жанымды алып қалыңыз, құлыңыз болайын», – деп ағынан жарылды.

Содан бері Құрмановтың сенімді серігіне айналған Жармаков қызметтік өсуді армандауды мүлдем қойды. Бұрынғыдай күндіз-түні берілетін тапсырмадан да босады. Жұмысы жеңілдеген соң ауыл шетіндегі ана жылы айдалып келген гректерден қалған базды жекешелендіріп, қосалқы шаруашылық жүргізіп қойған. Жанында арқырап Талас өзені ағып жатыр, анда-санда бастығын әкеліп, сырбаз жегізіп, қымыз ішкізеді. Екеуі тонның ішкі бауындай, жасырын сыр жоқ. Осындай отырыстың бірінде Құрманов, «сенің өкіл екенді ұстайық», – деп бұған ыржия қараған. Жармаков шошып кеткен «не болып қалды, бәсеке, маған ынғайсыздау ғой», – деп күмілжіген. Әккі бастығы күні бұрын бәрін ойластырып қойған екен, серігіне қарап, «бұл жерде біздің қатысымыз болмайды, қылмысты іздестіру бөлімінің балалары ұстайды, ал біз құтқарамыз», – деді.

Құрмановтың жоспары бойынша қылмысты іздестіру бөлімінің жігіттері көп ұзамай Бұжырбет пен оның серігі Қарамақауды бірнеше ұрланған жылқымен қолға түсіріп, бөлімге әкеліп қамаған. Соңында тергеуші Қиясов бір ай қамауда отырған Бұжырбет пен Қарамақауды тергеуге көмектесіп,



ЖЕТІҚАРАҚШЫ

шығынды толық өтеуіне байланысты қамақтан босатып, істерін қысқартқан. Бірақ тергеуші екі ұрының алдын ала Жармаковтың кепілдігін алып, енді ұрлық табыстарымен полиция бастығымен бөлісетіні туралы ант-су ішіп уәде бергенінен бейхабар болатын. Содан бері он жылдай уақыт өткен екен, Бұжырбет пен Қарамақау енді Құрмановтың барымташыларына айналды. Көрші ауданның үйір-үйір жылқысымен Шайтанқұзды толтырып тастаған. Пайда шашетектен, ұрлық малды табу мен қабылдап сойып өткізу Жармаковтың қолында, үлес бөлетін де өзі. Бұжырбет пен Қарамақаудың қарсы айтатын сөздері жоқ, қит етсе шеф Құрманов, ұстатып бұрынғы қылмыстарымен шықпайтындай етіп қамаймын деп қорқытады. Жармаков та шешім атынан бұйрық беріп, екі сөзінде олар үшін түрме есігі айқара ашық тұрғанын еске салудан жалықпайды. Қайран дүние бірде бетін, бірде сыртын береді деген осы да. Енді міне өзі қолдап жүрген өкіл әкесі өзіне қарсы шыға бастады, кешегі сөздері жай емес. Шынында ол ашынып жастығымыз ала кетейін деп ұрлықтарын жайып салса, қызметтен де, дүниеден де, абыройдан да айырылатын түрі бар. Тіпті бастығының казирі халі оған араша түсетіндей емес. Сондықтан лажсыздан шефке бұл туралы айтпаса болмайтынын байқады, ол кісі ақылды ғой бір шешімін табыр деген ойға тоқтаған еді. Сөз арастанда бастығы прокурорға кіріп шығуын тапсырған. Бірақ не шаруа екенін айтпаған.

Талапты ауданының прокуроры Аслан Дәрібекұлы жас болса да тәжірибелі маман. Көп жылдар тергеу саласында қызмет жасағандықтан келе сала назарын тергеу жұмысының сапасына бұрған. Оны алаңдатқан негізгі мәселе есеп көрсеткіші бойынша қысқартылған және тоқтатылған істердің шамадан тыс көптігі болатын. Оның көбі мал ұрлығына байланысты болғандықтан, келе сала осы жағдайды өзекті мәселе ретінде қарастырған. Қысқартылған және тоқтатылған қылмыстық істерді зерделеу арқылы ол көптеген қарама-қайшылықтар мен заңсыздықтарды байқады. Біріншілен жәбірленушілер арызындағы ұрланған мал есебінің іс қысқартылған кезде толық көрсетілмеуі, соған байланысты жәбірленушілердің қарсы арыздары күмән тудырды. Сондай-ақ тоқтатылған істер бойынша алдын ала тергеу амалдары

атүсті жүргізілген. Кейбір арыздарда мал ұрлығына қатысты сезікті кісілердің аты-жөні толық көрсетілгенмен, оларды анықтау және іздестіру жұмысы мүлдем жүргізілмеген. Ал біршама қылмыстың ауданның таулы аймақтарында орналасқан елді мекендерден екендігі де жас прокурордың назарынан тыс қалмаған. Көмекшілері арқылы қарсы тексеру жұмысы көптеген жәбірленушінің қарсы арызы «бірнеше малын ұрылардан қайтартып, кейін қалғанын әкелдіріп береміз», – деген аға учаскелік инспектордың өтінішімен жазылғаны анықталды. Сондықтан малы жоғалып арыз бергендер осы уақытқа дейін заңды шешім қабылданбай келе жатқандығын тиек етіп прокурорға қайта арызданды. Тексеру барысында қысқартылған істердің біразы қайта жаңғыртылып, есептен жасрылған бірнеше оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалды. Осы ретте жас прокурорға Құрманов бірнеше рет кісі салып «істерді қопармай, өзіміздің қызметтік өкілеттімізбен шешейік, мен де зейнет жасына келдім, тыныш кетейін», – деп келісімге шақырған. Алайда азаматтардың меншік құқығы бұзылып, полиция тарапынан қызметтік заңсыздықтар орын алып отырғанда қандай келісім болуы мүмкін деп ол өзінің прокурорлық ұстанымын айтқан. Құрманов көбіне қызметкері Жармаковты қорғаштайды. Сондықтан, бүгін Жармаковпен жеке кездесіп, түсінік алуға шақырған. Жедел ақпараттар бойынша Жармаковтың полиция бастығының сенімді қызметкері екендігі, көбіне бастығының тапсырмасымен жүріп, өз міндеттерін жеткілікті орындамайтыны, мал ұрлығына қатысты бар екендігі туралы ақпарат жеткілікті болатын. Кабинетіне келген Жармаковты прокурор бірден қыспаққа алды.

– Мал ұрлығы туралы арыздың көбі қысқартылған немесе сезіктілер анықталмағандықтан тоқтатылған, осының себебін түсіндіріп бере аласыз ба?

– Мен арыз қабылдап, алғашқы анықтама жұмысын ана жүргіземін, ал қалған тергеу амалы мен процессуалдық шешімді тергеуші қабылдайды, сондықтан бұл туралы солардан сұраған жөн болар, прокурор мырза.

– Олардан да сұраймыз, дегенмен көп арызда сезікті ретінде С.Сердалиев деген азамат өтеді, алайда ол кісіні табу, тергеу үшін өте күрделі іс болып тұрған сияқты, оның себебін түсіндіре аласыз ба?

– Меніңше бұл сұраққа қылмысты

іздестіру бөлімінің жігіттері толық жауап берер деп ойлаймын.

– Азамат Сердалиев сіздің өкіл екеніңіз болғандықтан, оның қайда жүргені және немен айналысатыны туралы сізге белгілі болар деп ойлаған едім.

– Кешіріңіз прокурор мырза, менің өкіл әкем болғаны рас, алайда көп жыл болды біз араласпаймыз және оның қайда жүргенін де хабарсызбын.

– Жарайды, оқып шығып қолыңызды қойыңыз, әзірге боссыз. Прокурордың кабинетінен терлеп шыққан Жармаков бұл сұрақтың арты жақсылыққа апармайтынын бірден сезді. Өз әріптестерінен де тиісті ақпарат алынғаны белгілі болып тұр. Әсіресе Бұжырбеттің атының аталуы бекер емес. Өткенде тергеушілердің Сердалиевке қатысты іздестіру жұмысын жандандырып жатқанын да естіген.

Жеделдетіп бастығына келіп бар жағдайды баян етті. Құрманов барлық жақтан көмек тоқтатылғанын, ішкі қауіпсіздік басқармасы да мал ұрлығына қатысты облыстық үйлестіру кеңесінің шешімінен соң ешкімді аяйтын емес, басты нысаналы біз болып тұрмыз, – деп шындықты айтты.

– Тығырықтан шығатын жол біреу-ақ, ол қайткенде де Бұжырбет пен Қарамақау бұлардың қолына түспеу керек. Сенің тағдырың осы екеуінің қолында.

– Сонда не істеу керек, оларды қайда тығамыз, өздері де құтырып отыр, шындықты айтып өлеміз деп.

– Ақыры өлім туралы айтып отырса, саған құтылудың жолын өздері көрсетіп отырған сияқты ғой, – деп, Құрманов серігіне сынай қарап, жауап күтті.

– Сонда қалай түсінбедім, оларды... Жармаков бастығына ишара жасап еді, «әріне, басқа жол жоқ», – деп Құрманов ернін басты.

– Ендеше, ертеңнен қалмай қалған малды жайғастырайын, әсіресе ана Керайғырға қырғыздардың көзі түсіп отыр, біраз пұл болатын сияқты, – деп әккі полицей қоштаса бастаған.

Жармаков әкелген арақтың қуаты әлсірей бастаған кезде Бұжырбет серігіне, «мына Керайғырды қырғыздарға апарып сатайық», – деп ұсыныс жасаған. Себебі өткенде бригадир біраз жылқыны сойып әкеткенде, бір қырғыз өзін жеке шақырып сыбырласқан. Жакын ауылда таудың етегінде тұратын атақты көкпаршы еді. «Осы айғырды шығарып берсең, қомақты қаражат бе-

ремін», – деп уәде еткен. Бұжырбеттің ойы айғырды сатып, қалған жылқымен Қырғызстанға өтіп кету болатын. Әріне, баспанасы жоқ, бала-шағасының қайда қалғанын білмейтін Қарамақауға бұл ұсыныс ұнай кетті. Бұжырбет Керайғырды нокталап жігіттерге жеткізсек, миллион қалтамызда болады, ал ана менің өкіл балам да, оның шефі де құрысын, мына айғырдың бағасы біздің мына иттерге жасаған қызметімізден мың есе артық, – деп ағынан жарылған.

Қарамақау бұл ұсынысқа бұрыннан дайын болатын, арқанын алып серігінің соңынан ерді. Қызыңқырап алған Бұжырбет Керайғырдың алқымын уқалап жақындай берген, оның ойы мойнына шалма салу екенін сезген Керайғырдың жануар санасына, тастай кара мөлдір көздерінен тамшылаған жасымен мөлтілдеп көмек күткен акбиесінің бейнесі келді. Ақбиені шалмалап құлатқан тажал-адам енді өзіне ауыз салғалы келеді. Ақбиенің кегін қайтаратын сәт туған сияқты. Керайғырдың шыңғырып кісінеген дауысы үнгір ішін жаңғыртты, шалт бұрылып қос аяқтаған тепкісі Бұжырбетті шалқасынан түсірген, ал не болғанын түсінбей мойнындағы шұбатылған шылбырға жармаса берген Қарамақауды басымен соғып жіберген жануар, еркіндігін сезініп, шыңғырып кісінеген күйі үңгірдің шығар бетіне шалмалып, кеудесімен ағаш кедергілерді кирата соғып ылдифа шапты. Шіркін еркіндік, әні-міне деп ажалын күтіп отырған тарпаңдардың қосыла шапқан табанынан Қаратаудың тасы дірілдеп, жотасы шулады. Балдыр көлдің жағасына үйірін ертіп шауып келген Керайғырдың қожайыны кеудесіне қанға боялған жануардың қанын жуып дәріледі. Керейғырдың тауға қарап кісіней бергенін байқаған қожайын егде биелердің жетіспейтінін бірден байқаған, содан соң да айғырды тоқымдап, тауға беттеп, еркіне жіберген. Керайғыр қателескен жоқ, ол түйсігімен бар жайды сезініп аршындай шапты, ойы алдамаған сияқты, Шайтанқұзға жеткенде полиция машинасымен тұрған азамат қожайынның алдынан шығып қолын алды, екеуі сөйлесті, бірақ бұл жануар ғой, не сөз болғанын түсіне алмады. Ал полиция көлігінің жанында ес-түссіз, бет-аузы қанға боялған Қарамақау жатқан. Аға учаскелік инспектор Жармаков қожайынға бір апта ұйықтамай, ұрылардың ізіне түсіп, қазір тауып жеткенде қайғылы оқиғаның үстінен түскенін айтқан еді. Бұжырбет тіл тарпай кетіпті, ал мынаның жарақаты ауыр, есін білмейді, бас сүйегі мыжылып кеткен сынайлы. Ауданнан тергеу тобы мен жедел жәрдем шақыртылды, соларды күтіп отырмын деген тәртіп сақшысына қожайын шын ниетімен разы болып алғысын жаудырған.

...Жетіқарақшы бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін ұрлаған бауқеспе ұрылар болыпты. Халық болып соңына түскен соң қылмысы басынан асқан жеті ұры жеткізбей аспанға қашып шығып кеткен. Бастаған – алдыңғы төртеуі, ана артындағы үшеуі ерер-ермес болып жүрген олардың құйыршығы. Екі бүйірдегі жарық жүлдіз – екі батыр. Сонау қатар тұрған екі жүлдіз ақбозат пен көкбозат батырлардың аттары. Олар Темірқазыққа арқандаулы. Шұбатылған арқаны да көрініп тұрады. Аттар Темірқазықты айнала оттайды. Оларды аңдыған жеті ұры да түнімен төңіректен, айналып жүреді. Ұрылар қайтсе де осы аттарды түсіріп алмақшы. Сәк күзетші алдындағысынан көз жазбайды. Сөйтіп жүргенде таң атады. Таң атысымен Жетіқарақшы көзден тайып, тасаланады.

Ал күндіз бәрі таза, бәрі ақ, тек акбие мен Керайғыр ғана жоқ. Керайғыр жарақаттары асқынған соң, осы қыста соғымға сойылды.

Ә.ҚОНЫСБАЕВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №2 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г** куәлікті **2017 жылғы 12 қаңтар**да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31